

**«Аграрлық несиелік корпорациясы»
акционерлік қоғамы**

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілік

2023 жылғы

МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есеп	9
Пайда мен залал туралы шоғырландырылмаған есеп.....	10
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылмаған есеп.....	11
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған есеп.....	12
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есеп	13
Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке түсіндірме ескертпелер	14-80



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
Қазақстан, А25D6Т5, Алматы,
Достық д-лы, 180,
+7 (727) 298-08-98

KPMG Audit LLC
180 Dostyk Avenue, Almaty,
A25D6T5, Kazakhstan

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«Аграрлық несие корпорациясы» Акционерлік қоғамының акционеріне және Директорлар кеңесіне

Ескертпемен пікір

Біз 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал, жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының елеулі тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Аграрлық несие корпорация» АҚ (әрі қарай – «Компания») шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, біздің есебіміздің 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін салыстырмалы көрсеткіштерге «Ескертпемен пікір білдіру үшін негіздеме» бөлімінде баяндалған жағдайдың әсерін қоспағанда, қоса беріліп отырған шоғырландырылмаған қаржылық есептілік Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі Комитеті шығарған ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттарына (ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттары) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы шоғырландырылмаған қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша шоғырландырылмаған қаржылық нәтижелерін және шоғырландырылмаған ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.



Ескертпемен пікір білдіру үшін негіздеме

2021 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жеке қаржылық есептіліктің 8-ескертпесінде сипатталғандай жалпы баланстық құны 304,221,793 мың теңге болатын 3 кредиттік тәуекел сатысына жатқызылған заңды тұлғаларға берілген кредиттер бойынша Компания күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервті тиісінше 62,564,653 мың теңге мөлшерінде таныды. 9-шы ҚЕХС (IFRS) «Қаржы құралдары» ұйымдардан күтілетін кредиттік залалдарды бағалау кезінде жорамалдар мен болжамдар негізделген дәлелді және расталатын ақпаратты пайдалануды талап етеді. Біз заңды тұлғаларға берілген кредиттік-құнсызданған кредиттер бойынша кепілдікті қамтамасыз етуді іске асырудан күтілетін ақша ағындарын бағалау кезінде пайдаланылған белгілі бір жорамалдармен келіспейміз және күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша айтарлықтай төмендетілген деп санаймыз. 2022 жыл ішінде Компания заңды тұлғаларға берілген кредиттер бойынша кепілді қамтамасыз етудің әділ құнын қайта бағалауды жүргізді және клиенттерге берілген кредиттердің құнсыздануынан болған шығындардың бір бөлігін 2022 жылы Компанияның капиталында тікелей көрсете отырып, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілетін кредиттік залалдар үшін тиісті резервті қайта есептеді. ХҚЕС талаптарынан осы ауытқудың 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе залал, жиынтық табыс және меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған есептің сәйкес келетін салыстырмалы көрсеткіштеріне әсерін сандық бағалау анықталған жоқ. Біздің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол күні аяқталған жылдағы 2023 жылдың 23 мамырдағы шоғырландырылмаған қаржылық есептілік туралы пікіріміз тиісті түрде түрлендірілді. Біздің ағымдағы жыл үшін шоғырландырылмаған қаржылық есептілік туралы пікіріміз ағымдағы жылдағы көрсеткіштер мен салыстырмалы көрсеткіштердің салыстырмалылығына осы жағдайдың әсеріне де байланысты түрлендірілді.

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Шоғырландырылмаған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») және біздің шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің ескертпемен пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – біздің кәсіби пайымдауымыз бойынша, ағымдағы кезеңнің шоғырландырылмаған қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер толығымен біздің шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің аудитінің мәнмәтіні мен осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында қарастырылды және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз. Біз «Ескертпемен пікір білдіру үшін негіздеме» бөлімінде баяндалған жағдайға қосымша төменде көрсетілген мәселелерді аудиттің негізгі мәселелері ретінде айқындадық, олар туралы ақпаратты біздің есепте хабарлау қажет.

Клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдар (ККЗ)	
Шоғырландырылмаған қаржылық есептілігіндегі 3, 4, 8, 21 және 25 Ескертулерді	
Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер
<p>Клиенттерге берілген кредиттер жалпы активтердің елеулі үлесін құрайды және тұрақты түрде есептелетін және пайдаланылатын жорамалдарға сезімтал күтілетін кредиттік залалдарға (ККЗ) арналған резервті шегергенде ұсынылды.</p> <p>Компания басшылықтан кәсіби пайымдауды қолдануды және мынадай негізгі салаларға жататын жорамалдарды пайдалануды талап ететін ККЗ бағалау моделін пайдаланады:</p> <ul style="list-style-type: none"> — кредиттік тәуекел мен дефолт оқиғаларының елеулі ұлғаюын уақтылы анықтау (9-шы ҚЕХС (IFRS) «Қаржы құралдарына» сәйкес 1, 2 және 3-сатыны анықтау); — дефолт (PD) ықтималдығын және дефолт (LGD) жағдайында шығын шамасын бағалау; — түрлі сценарийлер мен болжамды ақпаратты есепке алу үшін түзетуді бағалау; — кредиттік-құнсызданған болып табылатын жеке тұлғаларға берілген кредиттер үшін күтілетін ақша ағындарының болжамы. <p>Клиенттерге берілген кредиттер көлемінің елеулі болуы және олар бойынша күтілетін кредиттік залалдарды бағалаудың белгісіздігі салдарынан сала аудиттің негізгі мәселесі ретінде қаралады.</p>	<p>Біз ККЗ бағалауға қатысты Компанияның әдістемесі мен саясатының негізгі аспектілеріне 9 ҚЕХС (IFRS) талаптарына сәйкестігі мәніне, оның ішінде талдауға қаржылық тәуекелдерді басқару саласындағы біздің мамандарды тарта отырып талдау жүргіздік. Біз Компания қолданатын тиісті модельдердің жұмыс принциптерін тексердік.</p> <p>ККЗ резервін бағалауға қатысты басшылық жасаған кәсіби пайымдаулар мен жорамалдарды талдау үшін біздің аудиторлық рәсімдеріміз мыналарды қамтыды:</p> <ul style="list-style-type: none"> — Біз клиенттерге берілген кредиттерді кредиттік тәуекел кезеңдері бойынша жіктеуге қатысты бақылаулардың дизайны мен операциялық тиімділігіне тестілеу жүргіздік. — ККЗ бағалаудың әлеуетті өзгерістері шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі мүмкін клиенттерге берілген кредиттерді іріктеуге қатысты Компанияның қаржылық және қаржылық емес ақпаратты, сондай-ақ Компания пайдаланған жорамалдар мен кәсіби пайымдарды талдау арқылы сатылар бойынша бөлуді дұрыс жүзеге асырғанына тестілеу жүргіздік. — Клиенттерге берілген кредиттердің іріктемесі бойынша біз бастапқы құжаттармен салыстыру арқылы PD және LGD есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы деректердің дұрыстығын, сондай-ақ кепіл мүлкінің құнын бағалауды және ККЗ-ны есептеу үшін пайдаланылатын оны іске асырудың күтілетін мерзімдерін сараптау арқылы тексердік. — Сондай-ақ біз ағымдағы және болашақ экономикалық жағдайды және қарыз алушылардың тиісті санаттарының қызмет жағдайларын ескеретін өзіндік бағалаумен салыстыру арқылы әртүрлі сценарийлер мен болжамды ақпаратты есепке алу үшін түзетудің жалпы баламалығын талдадық.



	— Біз сондай-ақ шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктегі ақпаратты ашу Компанияның кредиттік тәуекелге ұшырағыштығын тиісті түрде көрсете ме, жоқ па соған бағалау жүргіздік.
--	--

Басқа ақпарат

Басшылық басқа ақпарат үшін жауапты. Басқа ақпарат 2023 жылғы Жылдық есепке енетін ақпаратты қамтиды, бірақ басқа ақпаратқа шоғырландырылмаған қаржылық есептілік пен шоғырландырылмаған қаржылық есептілік туралы біздің аудиторлардың есебі енбейді. 2023 жылғы Жылдық есеп бізге, болжаммен, осы аудиторлардың есебінің күнінен кейін ұсынылады.

Біздің шоғырландырылмаған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратты қамтымайды және біз басқа ақпаратқа қатысты қандай да бір нысандағы сенімділік қорытындысын білдірмейміз.

Біздің шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің аудитіне байланысты біздің жауапкершілігіміз мүмкін болған жағдайда жоғарыда анықталған басқа ақпаратты оқу және басқа ақпаратты оқу барысында оның шоғырландырылмаған қаржылық есептілікпен немесе аудит барысында алған біздің білімімізбен елеулі дәйексіздігін немесе елеулі бұрмаланған болып көрінуін қарастыру.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілік үшін Компания басшылығы мен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Компанияны жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Компанияның шоғырландырылмаған қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.



АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Біз, сонымен қатар, басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты сәйкес әдептілік талаптарын орындағанымыз туралы мәлімдеме береміз және барлық қарым қатынастар мен біздің тәуелсіздігімізге ықпал етеді деп негізді түрде санауға болатын өзге мәселелер және де сәйкес жағдайларда соған қатысты қорғау шаралары туралы айтып білдіре отырамыз.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға айтып білдірген мәселелер арасынан біз ағымдағы кезеңнің шоғырландырылмаған қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған және сәйкесінше негізгі аудит мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты көпшілікке ашып көрсету заңмен немесе нормативтік актілермен тыйым салынған немесе қандай да бір мәселенің біздің есебімізде хабарлануының жағымсыз салдарлары қоғамдық маңызды пайдадан асып түседі деп негізді түрде жорамалданғандықтан мұндай мәселе біздің есепте хабарланбауы тиіс деп анықтаған өте сирек жағдайлардан басқа кезде осы мәселелерді біздің аудиторлардың есебінде сипаттаймыз.



«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі
6-бет

Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:



А. А. Урдабаева
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудитору
2012 жылдың 27 тамызында берілген
№ МФ-0000096 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензияның №0000021



С. А. Дементьев
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде
әрекет ететін Бас директоры

2024 жылдың 5 сәуірі

ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

мың теңге

	Ескерт- не	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан*
Активтер			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	6	125,187,941	107,720,283
Банктерге берілген кредиттер	7	29,575,908	10,456,354
Клиенттерге берілген кредиттер	8	726,810,986	722,917,368
Қаржы жалгерлігі бойынша дебиторлық берешек	9	9,040,648	10,205,360
Еншілес кәсіпорынға инвестициялар	10	167,470,014	147,470,014
Сатуға арналған деп жіктелген активтер		726,309	1,024,785
Инвестициялық бағалы қағаздар		—	592,637
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		2,599,511	2,899,093
Негізгі құралдар		1,476,063	1,344,905
Материалдық емес активтер		462,081	530,705
Корпоративтік табыс салығы бойынша қысқа мерзімді активтер	18	2,136,597	1,816,694
Басқа активтер	11	7,264,603	6,612,320
Активтердің жиыны		1,072,750,661	1,013,590,518
Міндеттемелер			
Акционер алдындағы берешек	12	81,093,012	89,417,496
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	13	80,502,822	48,884,037
Үкімет алдындағы берешек	14	77,340,798	60,747,873
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15	170,157,456	178,599,494
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	16	188,524,346	182,850,442
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері		1,719,345	1,403,575
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	18	12,030,660	4,763,872
Мемлекеттік субсидиялар	19	22,734,825	37,797,142
Басқа міндеттемелер	17	7,055,711	4,794,370
Міндеттемелердің жиыны		641,158,975	609,258,301
Меншікті капитал			
Акционерлік капитал	20	428,284,724	408,284,724
Резервтік капитал	20	19,704,422	13,846,278
(Жинақталған шығындар)		(16,397,460)	(17,798,785)
Меншікті капиталдың жиыны		431,591,686	404,332,217
Міндеттемелер мен меншікті капиталдың жиыны		1,072,750,661	1,013,590,518
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)*	20	1,009.53	992.00

* Осы бағанда көрсетілген кейбір сомалар 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың қаржылық есептілігіне сәйкес келмейді, өйткені олар 20-ескертпеде егжей-тегжейлі сипатталғандай қайта жіктелімді көрсетеді. Бұл қайта жіктелімдер бір жай акцияның баланстық құнын қайта есептеуге әкелді.

Компания Басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Сапұлатов Каират Касртарович

Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі

Зайтұллаева Ирина Николаевна

Бас бухгалтер

2024 жылғы 5 сәуір

14-шіден бастап 80-шіге дейінгі беттердегі қоса беріліп отырған таңдалған түсіндірме ескерттелер осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ЕСЕП**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

	<i>Ескерт- не</i>	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
Тнімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары		17,547,205	8,407,439
Банктерге берілген кредиттер		7,047,156	4,298,744
Клиенттерге берілген кредиттер		122,047,616	105,459,942
Инвестициялық бағалы қағаздар		54,833	65,748
		146,696,810	118,231,873
Басқа пайыздық кірістер			
Қаржы жалгерлігі бойынша дебиторлық берешек		787,076	871,473
		147,483,886	119,103,346
Пайыздық шығыстар			
Акционер алдындағы берешек		(7,711,933)	(8,018,449)
Қазақстан Республикасының Үкіметі алдындағы берешек		(27,286,933)	(12,087,824)
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек		(17,489,341)	(18,939,624)
Кредиттік ұйымдардың қаражаты		(8,766,065)	(1,543,202)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		(18,752,994)	(20,944,021)
Басқа міндеттемелер		—	(8,195)
		(80,007,266)	(61,541,315)
Таза пайыздық кіріс		67,476,620	57,562,031
Кредиттік шығындар бойынша шығыстар	21	(39,305,353)	(32,003,445)
Кредиттік шығындар бойынша шығыстарды шегергендегі таза пайыздық кіріс		28,171,267	25,558,586
Дивидендтер бойынша кіріс	10	10,309,687	—
Шетел валютасымен жасалатын операциялардан түскен таза кіріс/(залал)		379	(4,129)
Персоналға арналған шығыстар	22	(8,623,822)	(7,126,518)
Басқа әкімшілік шығыстар	22	(5,281,257)	(3,925,076)
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін өзгерту нәтижесінде таза шығындар		(3,662,934)	(794,422)
Басқа кірістер, нетто	23	11,509,399	347,847
Пайыздық емес шығыс		4,251,452	(11,502,298)
Салық салуға дейінгі пайда		32,422,719	14,056,288
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	18	(11,486,065)	(2,568,117)
Бір жылдағы пайда		20,936,654	11,488,171

Компания Басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Сапулатов Кайрат Каертарович

Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі

Зайтуллаева Ирина Николаевна

Бас бухгалтер

2024 жылғы 8 сәуір



14-шіден бастап 80-ші бетіне дейінгі беттердегі қоса беріліп отырған таңдалған түсіндірме ескертпелер осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ЕСЕП**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

	<u>2023 жыл</u>	<u>2022 жыл</u>
Бір жылдағы пайда	20,936,654	11,488,171
Жыл ішіндегі басқа жиынтық кіріс	–	–
Бір жылдағы жиынтық кірістің жиыны	20,936,654	11,488,171

Компания Басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Сапулатов Кайрат Каертарович

Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі

Зайтуллаева Ирина Николаевна

Бас бухгалтер

2024 жылғы 5 сәуір



МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ЕСЕП**2023 жылығы 31 желтоқсанда аяқтаған жылдағы**

мың теңгемен

Ескертпе	Акционерлік капитал	Резервтік капитал	Жинақталған шығындар)/ бөлінбеген пайда		Жиыны
2022 жылдың 1 қаңтарына	254,366,870	11,237,766	5,084,805		270,689,441
Қайта жіктелім*	6,447,840	—	(6,447,840)		—
2022 жылдың 1 қаңтарына (қайта жіктелім ескеріле отырып)	260,814,710	11,237,766	(1,363,035)		270,689,441
Бір жылдағы жиынтық кірістің жиыны	—	—	11,488,171		11,488,171
Акционерлік капиталдың ұлғаюы	147,470,014	—	—		147,470,014
Резервтік капиталдың ұлғаюы	—	2,608,512	(2,608,512)		—
Төленген дивидендтер	—	—	(6,086,528)		(6,086,528)
Алдыңғы есепті кезеңдерге жататын, клиенттерге берілген кредиттердің құнсыздануынан болған залалдар	—	—	(19,228,881)		(19,228,881)
2022 жылдың 31 желтоқсанына	408,284,724	13,846,278	(17,798,785)		404,332,217
2023 жылдың 1 қаңтарына	408,284,724	13,846,278	(17,798,785)		404,332,217
Бір жылдағы жиынтық кірістің жиыны	—	—	20,936,654		20,936,654
Акционерлік капиталдың ұлғаюы	20,000,000	—	—		20,000,000
Резервтік капиталдың ұлғаюы	—	5,858,144	(5,858,144)		—
Төленген дивидендтер	—	—	(13,677,185)		(13,677,185)
2023 жылдың 31 желтоқсанына	428,284,724	19,704,422	(16,397,460)		431,591,686

* Қайта жіктелім 20-ескертпеде толық сипатталған.



Компанияның басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Капулатов Каират Каертарович

Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі

Зайтұласова Ирина Николаевна

Бас бухгалтер

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы

мың теңгемен

	2023 жыл	2022 жыл
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы		
Алынған пайыздар	89,470,275	67,047,542
Төленген пайыздар	(27,848,660)	(25,446,574)
Персоналға төленген шығыстар	(8,497,624)	(6,909,353)
Басқа операциялық шығыстар, нетто	(3,058,700)	(570,067)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен болған ақша ағындары	50,065,291	34,121,548
<i>Операциялық активтердің таза (ұлғаюы)/азаяюы</i>		
Банктерге берілген кредиттер	(19,510,208)	(8,169,830)
Клиенттерге берілген кредиттер	(23,982,790)	(97,617,384)
Қаржы жалгерлігі	188,939	323,108
Басқа активтер	1,007,206	1,494,749
Операциялық міндеттемелердің таза ұлғаюы/(азаяюы)		
Мемлекеттік субсидиялар	(24,702)	(3,672,642)
Басқа міндеттемелер	841,353	1,049,299
Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейін операциялық қызметте ақшалай қаражаттың таза түсімі/(пайдаланылуы)	8,585,089	(72,471,152)
Төленген корпоративтік табыс салығы	(4,510,063)	(3,881,680)
Операциялық қызметте ақшалай қаражаттың таза түсімі/(пайдаланылуы)	4,075,026	(76,352,832)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы		
Негізгі құралдарды сатып алу	(259,974)	(152,189)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(28,290)	(36,591)
Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден түскен түсімдер	582,705	233,393
Еншілес кәсіпорынға инвестициялар (10-ескертпе)	(20,000,000)	-
Алынған дивидендтер (10-ескертпе)	10,309,687	-
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза (пайдаланылуы)/түсімі	(9,395,872)	44,613
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы		
Акциялар мен басқа да қаржы құралдарының эмиссиясы	20,000,000	-
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар тартудан түсетін түсімдер (26-ескертпе)	140,000,000	140,000,000
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздарды өтеу (26-ескертпе)	(120,000,000)	(70,000,000)
Сыртқы қарыздардың түсуі (26-ескертпе)	55,967,000	48,277,000
Сыртқы қарыздарды өтеу (26-ескертпе)	(24,244,000)	-
Акционерден қарыз тартудан түсетін түсімдер (26-ескертпе)	-	8,300,000
Акционерден алынған қарыздарды өтеу (26-ескертпе)	(14,314,148)	(14,392,846)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу (26-ескертпе)	(10,000,000)	(40,330,000)
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан қарыздар тартудан түскен түсімдер (26-ескертпе)	1,500,000	31,428,726
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан қарыз қаражатын өтеу (26-ескертпе)	(12,442,228)	(16,021,061)
Төленген дивидендтер (20-ескертпе)	(13,677,185)	(6,086,528)
Қаржылық қызметтен ақшалай қаражаттың таза түсімі	22,789,439	81,175,291
Күтілетін несиелік шығындардың ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері	(935)	38
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өзгеруі	17,467,658	4,867,110
Жыл басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	107,720,283	102,853,173
Жыл соңындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары (6-ескертпе)	125,187,941	107,720,283

Компания Басқармасының атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Садулатов Кайрат Кәсіретарович

Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі

Зайтуллаева Ирина Николаевна

Бас бухгалтер

2024 жылғы 5 сәуір

Ақшалай қаражаттың таза өзгеруі мен ақша қаражаттарының таза түсімі туралы бұл есептілікте берілген мәліметтердің дұрыстығын растайтын аудиторлық есептілік қорытындысының бөлігі болып табылады.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен***1. Есеп беретін кәсіпорын**

«Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қоғам» не «Компания») «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы №137 қаулысымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған. Қоғам қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚРҰБ») жанындағы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау комитеті берген 2013 жылғы 5 қарашадағы №5.2.24 Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген операцияларды жүргізуге арналған лицензия негізінде жүзеге асырады. Қоғамның қызметін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі реттейді.

Қоғамның негізгі қызметі агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне қолжетімді кредит беру жүйесін дамыту жолымен аграрлық саланы индустрияландыруға және әртараптандыруға жәрдемдесу, тиісті лицензия негізінде банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру, кредит беру жолымен ауыл шаруашылығы секторын қолдау жөніндегі бағдарламаларды іске асыруға қатысу, отандық және шетелдік инвестицияларды тарту, агроөнеркәсіптік кешенде инвестициялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу, лизингтік қызметті жүзеге асыру, қаржы институттарын қорландыру, қаржы институттарының агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін исламдық қағидаттар бойынша қаржыландыруы мақсаттарында заңды тұлғаларды исламдық қаржы институттарын қолдана отырып қаржыландыру, заң актілерінде тыйым салынбаған және Жарғыда көзделген Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін өзге де қызмет түрлері.

Компанияның қаржыландыру қызметі қаражатты пайдалану бойынша нақты талаптар мен шектеулерді көздейді. Клиенттерге кредиттер Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларын іске асыруға байланысты нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша беріледі.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның Қазақстан Республикасының аумағында 19 тіркелген филиалы (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша – 19 филиалы) бар.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам негізгі қызметі агроөнеркәсіптік кешендегі лизингтік қызмет, агроөнеркәсіптік кешенді кредиттеу, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған республикалық бюджеттік және өзге де бағдарламаларды іске асыруға қатысу болып табылатын «ҚазАгроҚаржы» АҚ-да 100% меншік үлесіне ие болды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі - «Бәйтерек» немесе «Акционер») Қоғамның 100% акциясына иелік етеді.

Қоғамның түпкі меншік иесі Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Қоғамның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Иманов к-сі, 11.

Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Тиісінше, Қоғамның бизнесіне экономика және дамушы нарықтың ерекшеліктері тән Қазақстанның қаржы нарықтары әсер етеді. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда, олардың талаптарын түсіндірудің екіұштылығы тәуекелімен ұштасқан, олар сондай-ақ жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа заңдық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Қазақстандық теңгенің құнсыздануы және әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының тұрақсыздығы да шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарының белгісіздік деңгейін арттырады.

2022 жылдың ақпанында Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы әскери қақтығысқа байланысты, бірқатар елдер Ресей Федерациясына қарсы санкциялар енгізді. Қақтығыстың әсері екі елдің экономикалық белсенділігіне ғана емес, жаһандық экономикаға да әсер етуде. Санкциялардың енгізілуі нәтижесінде әлемнің көптеген елдерінде шикізат пен азық-түлік тауарларының бағасы өсті, ресурстар жеткізілімдері арасындағы белгіленген байланыстар бұзылды, бағаларға инфляциялық әсердің тиюі байқалады, сондай-ақ сарапшылар әлемдік өнеркәсіп үшін экономикалық салдарларды болжауда.

Ұсынылған шоғырландырылмаған қаржылық есептілік басшылықтың қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың қазіргі жағдайларының Қоғамның қызмет нәтижелері мен қаржылық жағдайына ықтимал әсерін бағалауын көрсетеді. Болашақ шаруашылық жүргізу жағдайларының нақты әсері оларды басшылықтың бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы

мың теңгемен

2. Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары

Осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХКЕС») сәйкес дайындалды.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілік «Есеп саясатының елеулі ережелері» бөлімінде белгіленгенненді қоспағанда, нақты шығындар бойынша бағалауды есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

Осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілік бір жай акцияға есептегендегі деректерді қоспағанда немесе өзгеше көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі мәтін бойынша – «мың теңге») ұсынылған.

Қоғам, сонымен қатар, ХКЕС сәйкес 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындады, оны Қоғамның тіркелген кеңсесінен алуға болады.

Қоса беріліп отырған шоғырландырылмаған қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі қағидаты негізінде жасалды, бұл қалыпты қызмет барысында активтерді іске асыруды және міндеттемелерді өтеуді білдіреді. Қоғамның өз активтерін іске асыру қабілеті, сондай-ақ оның болашақтағы қызметі Қазақстандағы ағымдағы және болашақ экономикалық жағдайлардың елеулі ықпалына ұшырауы мүмкін.

3. Есеп саясатының елеулі ережелері

Төменде сипатталған есеп саясатының елеулі ережелері клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдарды бағалауға қатысты 2023 жылы жаңартылған пайымдауларды қоспағанда, осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есепті кезеңдерде дәйекті түрде қолданылды (25-ескертіме).

Әділ құнды бағалау

Әділ құн - бағалау күніне нарық қатысушылары арасындағы әдеттегі мәміле барысында активті сату кезінде алынатын немесе міндеттемені беру кезінде төленетін баға. Әділ құнды бағалау, активті сату немесе міндеттемені беру мақсатындағы мәміле:

- аталмыш актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- негізгі нарық болмаған жағдайда, аталмыш активке немесе міндеттемеге қатысты неғұрлым тиімді нарықта жасалады деп болжайды.

Қоғамның негізгі немесе ең тиімді нарыққа қолжетімділігі болуы керек. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары өздерінің ең жақсы экономикалық мүдделері үшін әрекет ететін жағдайда активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде нарық қатысушылары пайдаланатын болжамдарды қолдана отырып бағаланады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау, нарыққа қатысушының экономикалық пайданы не активті ең жақсы және тиімді пайдалану арқылы, не оны осы активті ең жақсы және тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату арқылы генерациялау қабілетін ескереді.

Қоғам осы жағдайларға сәйкес келетін және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қол жетімді бағалау үлгілерін қолданады және бұл ретте, бақыланатын өзекті бастапқы деректерді барынша пайдалануға және бақыланбайтын бастапқы деректерді пайдалануды неғұрлым азайтуға мүмкіндік береді. Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте әділ құны бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде төменде сипатталған әділ құн иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей - бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгілеулері (түзетілмейтін).
- 2-деңгей - ең төменгі иерархия деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде бақыланатын болып табылатын бағалау модельдері.
- 3-деңгей - ең төменгі иерархия деңгейіне жататын әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта бақыланатын болып табылмайтын бағалау модельдері.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте қайталанатын негізде танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында, Қоғам әр есепті кезеңнің соңына жіктелімді қайта талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде), оларды иерархия деңгейлері арасында ауыстыру қажеттілігін анықтайды.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен***Қаржылық активтер мен міндеттемелер*****Бастапқы тану****Тану күні*

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді стандартты талаптарда сатып алу немесе сату мәміле жасалған күні, яғни Қоғам өзіне активті немесе міндеттемені сатып алу бойынша міндеттеме алған күні көрсетіледі. Стандартты талаптарда сатып алуға немесе сатуға талаптары бойынша нарықта қабылданған ережелерде немесе келісімдерде белгіленген мерзім шегінде активтер мен міндеттемелерді жеткізу талап етілетін шарт шеңберінде қаржылық активтер мен міндеттемелерді сатып алу немесе сату жатады.

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарының жіктелуі келісімшарттық талаптарға және құралдарды басқару үшін қолданылатын бизнес–модельге байланысты. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын жағдайлардан басқа, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады.

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді бағалау санаттары

Қоғам өзінің барлық қаржылық активтерін активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес–үлгіге және активтердің келісімшарттық шарттарына қарай келесідей бағаланады:

- амортизацияланған құн;
- басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн (БЖКӨК);
- пайда немесе шығын арқылы әділ құн (ПШӨК).

Қоғам туынды құралдарды және саудаға арналған құралдарды ПШӨК бойынша жіктейді және бағалайды. Қоғам өз қалауы бойынша қаржы құралдарын ПШӨК бойынша бағаланатын қаржы құралдары ретінде жіктей алады, егер мұндай жіктеу бағалау немесе тану қағидаттарын қолдану сәйкессіздігін жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беретін болса.

Қарыздар мен қаржылық кепілдіктер беру бойынша міндеттемелерден басқа қаржылық міндеттемелер, егер олар саудаға және туынды құралдарға арналған болса немесе ұйымның қалауы бойынша әділ құны бойынша бағаланатындар ретінде жіктелсе, амортизацияланған құн бойынша немесе ПШӨК бойынша бағаланады.

Банктердегі қаражат, клиенттерге берілген кредиттер, амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар

Қоғам банктердегі қаражатты, клиенттердің кредиттерін және басқа да қаржылық инвестицияларды, егер тек екеуі де келесі талаптарда орындалса ғана амортизацияланған құн бойынша бағалайды:

- қаржылық актив мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржылық активтерді ұстап қалу болып табылатын бизнес–модель шеңберінде ұсталады;
- қаржылық активтің шарттық талаптары көрсетілген күндерде тек негізгі қарыз сомасына және негізгі борыш сомасының (SPPI) өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне төлемдер болып табылатын ақша ағындарын алуды шарттайды.

Бұл талаптар төменде толығырақ қарастырылған.

Бизнес-модельді бағалау

Қоғам бизнес-модельді белгілі бір бизнес мақсатына жету үшін топтарға біріктірілген қаржылық активтерді басқару қалай жүзеге асырылатынын жақсы көрсететін деңгейде анықтайды.

Қоғамның бизнес-модельді жекелеген құралдар деңгейінде емес, портфельдерді жоғары біріктіру деңгейінде бағаланады және мынадай бақыланатын факторларға негізделген:

- бизнес–модельдің нәтижелілігі мен осы бизнес–модельдің шеңберінде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат ұйымның негізгі басқару персоналына қалай жеткізіледі;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және осы бизнес–модельдің шеңберінде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігіне) әсер ететін тәуекелдер, атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсілі;

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы

мың теңгемен

- бизнесті басқаратын менеджерлерге қалай сыйақы беріледі (мысалы, сыйақы басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе);
- сатылымның күтілетін жиілігі, көлемі мен мерзімі де Қоғамның бизнес–моделін бағалау кезінде маңызды аспектілер болып табылады.

Бизнес-модельді бағалау «ең нашар» немесе «стрессивтік» сценарийлер ескерілмей, пайда болуы негізді түрде күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер бастапқы танудан кейінгі ақша ағындары Қоғамның күткенінен өзгеше тәсілмен жүзеге асырылса, Қоғам осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қалған қаржылық активтер жіктелімін өзгертпейді, бірақ одан әрі жақында құрылған немесе жақында сатып алынған қаржылық активтерді бағалау кезінде осындай ақпаратты ескереді.

«Тек негізгі борыш сомасы мен негізгі борыш сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне төлемдер» тестісі (SPPI тесті)

Жіктеу процесінің екінші кезеңі шеңберінде Қоғам актив бойынша шартта көзделген ақша ағындары тек негізгі борыш сомасы есебіне және негізгі борыш сомасының өтелмеген бөлігіне (SPPI тесті) есептелген пайыздар есебіне төлемдер болып табылатынын анықтау үшін, қаржылық активтің шарттық талаптарын бағалайды.

Осы тестінің мақсаттарында «негізгі борыш сомасы» бастапқы тану кезінде қаржылық активтің әділ құнын білдіреді және ол осы қаржылық активтің қолданылу мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, егер негізгі борыш сомасын өтеу есебіне төлемдер немесе сыйлықақы/дисконт амортизациясы орын алса).

Кредиттік шарт шеңберінде пайыздардың ең маңызды элементтері, әдетте, ақшаның уақытша құнын өтеу және кредиттік тәуекелді өтеу болып табылады. SPPI тестін өткізу үшін Қоғам пайымдауды қолданады және жергілікті факторларды талдайды, мысалы, қаржылық активі қандай валютада көрсетілген және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезең.

Сонымен қатар, тәуекелге ұшыраушылыққа немесе шартта көзделген, базалық кредиттік келісімге байланысты емес ақша ағындарының құбылмалылығына елеусіз аз әсер ететін шарттық талаптар шартта көзделген, тек негізгі борыш сомасы есебіне және негізгі борыш сомасының өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздар есебіне төлемдер болып табылатын ақша ағындарының туындауын қамтамасыз етпейді. Мұндай жағдайларда қаржылық активті ПШӘҚ бойынша бағалау қажет.

Мерзімінен бұрын өтеу туралы талап, егер мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленген сома мәні жағынан негізгі соманың өтелмеген бөлігін және өтелмеген бөлікке есептелген пайыздарды білдірсе және шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылғаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны қамтуы мүмкін болған жағдайда, SPPI критерийіне сәйкес келеді. Бұдан басқа, мерзімінен бұрын өтеу туралы талап, егер қаржылық актив шартта көрсетілген номиналды сомаға қатысты сыйлықақымен немесе дисконтпен сатып алынса немесе құрылатын жағдайда, осы өлшемшартқа сәйкес деп қаралады, мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленуге жататын сома мәні бойынша шартта көрсетілген номиналды соманы плюс шартта көзделген есептелген (бірақ төленбеген) пайыздарды білдіреді (және де шарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны қамтуы мүмкін); және қаржылық актив бастапқы танылған кезде оның мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптары әділ құны елеусіз болып табылады.

Кредит беру бойынша міндеттемелер

Кредит беру бойынша міндеттемелер шарттық міндеттемелер болып табылады, олардың талаптары бойынша міндеттеменің қолданылу мерзімі ішінде Қоғам клиентке алдын ала келісілген талаптарда кредит беруге міндетті. Мұндай міндеттемелерге қатысты ККЗ бағалауға қойылатын талаптар қолданылады.

Қоғам кейде нарықтық мөлшерлемелерден төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша кредит беру бойынша міндеттемелер шығарады. Мұндай міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша танылады және кейіннен КШБ үшін бағалау резерві сомасының және бастапқыда танылған соманың ең үлкен шамасы бойынша, қажет болған жағдайда, танылған жинақталған кіріс сомасы шегеріле отырып бағаланады.

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді қайта жіктеу

Қоғам басқарудың бизнес–моделін қаржылық активтермен өзгертетін ерекше жағдайлардан басқада, Қоғам бастапқы танылғаннан кейін қаржылық активтерді қайта жіктемейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы

мың теңгемен

Ақша қаражаттары және олардың баламалары

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары қолма-қол ақша қаражаттарын және қандай да бір шарттық міндеттемелермен ауыртпалық салынбаған, пайда болған күнінен бастап тоқсан күн ішінде өтеу мерзімімен кредиттік ұйымдардағы қаражатты қамтиды.

Қарыз қаражаттары

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Қоғамда ақшалай қаражатты немесе өзге де қаржылық активтерді жеткізу міндеттемесі болса, немесе міндеттемені ақша қаражаттарының тиянақталған сомасын немесе өзге қаржылық активтерді меншікті үлестік құралдардың тиянақталған санына айырбастау жолымен орындаудан өзгеше түрде орындау міндеттемесі болса, міндеттеме ретінде жіктеледі. Мұндай құралдар Акционер алдындағы берешекті, кредиттік ұйымдардың қаражатын, шығарылған борыштық бағалы қағаздарды, мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешекті қамтиды. Бастапқы танудан кейін қарыз қаражаттары тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Пайда мен залал міндеттемелерді тану тоқтатылған кезде пайда немесе залал құрамында, сондай-ақ амортизация процесінде көрсетіледі.

Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржылық актив пен қаржылық міндеттеме, танылған сомаларды есепке алуды жүзеге асыруға заңды қорғалатын құқық болған кезде және нетто–негізде есеп айырысуды жүзеге асыруға немесе активті іске асыруға және міндеттемені бір мезгілде орындауға ниет болған кезде нетто–өлшемнің қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылмаған есепте ұсыныла отырып, өзара есепке алынуға жатады. Есепке алуды жүзеге асыру құқығы болашақтағы оқиғаға негізделмеуге тиіс және мынадай жағдайлардың барлығында заңды жүзде қорғалуға тиіс:

- қалыпты қызмет барысында;
- дефолт жағдайында; және
- ұйымның немесе контрагенттердің біреуінің дәрменсіздігі немесе банкроттығы жағдайында.

Бұл талаптар, әдетте, өзара есеп айырысу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есепте толық сомада көрсетіледі.

Кредиттерді қайта құрылымдау

Қоғам, мүмкіндігінше, кепілге өндіріп алудың орнына, кредиттер бойынша талаптарды қайта қарауға, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартуға және кредит берудің жаңа талаптарын келісуге тырысады.

Егер шарт талаптары іс жүзінде ол жаңа кредитке айналатындай, ал айырмасы құнсыздандудан болған залал танылғанға дейін тануды тоқтатудан түскен пайда немесе залал ретінде танылатындай болып қайта қаралса, Қоғам қаржылық активті, мысалы, клиентке берілген кредитті тануды тоқтатады. Бастапқы тану кезінде кредиттер, құрылған кредит СҚҚК актив болып саналатын жағдайларды қоспағанда, ККЗ бағалау мақсаттары үшін 1-кезеңге жатады. Клиентке кредитті тануды тоқтату керек пе, жоқ па, соны бағалау кезінде Қоғам, басқалармен қатар, келесі факторларды қарайды:

- кредит валютасының өзгеруі;
- контрагенттің өзгеруі;
- модификация құралдың SPPI тестінің өлшемшарттарына сәйкес келмейтініне әкеледі ме.

Егер модификация ақша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, модификация танудың тоқтатылуына әкелмейді. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Қоғам пайда немесе залал туралы шоғырландырылмаған есепте басқа шығыстар құрамында ұсынылатын модификациядан болған пайданы немесе залалды таниды.

Танудың тоқтатылуына әкелмейтін модификация жағдайында, Қоғам кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуінің болуын немесе кредиттік–құнсызданған активтер ретінде активтерді жіктеу қажеттілігін қайта бағалайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы

мың теңгемен

Қаржылық міндеттемелердің талаптарын түрлендіру

Қоғам қаржылық міндеттеменінің талаптары түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша қаражаттары ағындарының өлшемі едәуір өзгертіндей болып өзгерген кезде, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады. Бұл жағдайда өзгертілген талаптарымен жаңа қаржылық міндеттеме әділ құны бойынша танылады. Бұрынғы қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен өзгертілген талаптарымен жаңа қаржылық міндеттеменің құны арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

Егер талаптарды модификациялау (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) қаржылық міндеттемені тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, Қоғам қаржылық активті тануды тоқтатуға әкеп соқтырмайтын жағдайларда қаржылық активтің жалпы баланстық құнын түзетуге қатысты тәсілге сәйкес келетін есеп саясатын қолданады - яғни, Қоғам осындай модификация (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) нәтижесінде туындайтын қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнына талаптарды модификациялау (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) күніндегі пайда немесе залал құрамындағы кез келген түзетуді таниды.

Қолда бар қаржылық міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағындары шамасының өзгеруі, егер олар шарттың ағындағы талаптарының салдары болып табылса, талаптардың модификациясы болып саналмайды.

Қоғам сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық және сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, талаптарды модификациялау маңыздылығы мәніне сандық және сапалық бағалауды жүргізеді. Қоғам келесі сапалық факторлардың негізінде талаптар модификациясы маңызды болып табылады деген қорытындыға келді:

- қаржылық міндеттеме валютасының өзгеруі;
- қамтамасыз ету түрінің немесе міндеттеменің сапасын арттырудың басқа құралдарының өзгеруі;
- конверсиялау талаптарының қосылуы;
- қаржылық міндеттеме бағыныстылығының өзгеруі.

Егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған алынған комиссиялық сыйақыны шегергенде комиссиялық сыйақы төлемдерін қоса алғанда, жаңа талаптарға сәйкес ақша қаражаты ағындарының келтірілген құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша қаражаты ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кемінде 10%-ға өзгеше болса, сандық бағалауды жүргізу мақсаттары үшін талаптар айтарлықтай өзгеше болып есептеледі. Егер бір борыштық құралды екіншісіне ауыстыру немесе оның талаптарын модификациялау есепте өтеу ретінде көрсетілсе, онда жұмсалған шығындар немесе комиссиялар тиісті борыштық міндеттемені өтеуден түскен пайданың немесе залалдың бөлігі ретінде танылады. Егер бір борыштық құралды екіншісіне ауыстыру немесе оның талаптарын модификациялау есепте өтеу ретінде көрсетілмесе, онда жұмсалған шығындар немесе комиссиялар сомасына тиісті міндеттеменің баланстық құны түзетіледі және бұл түзету модификацияланған міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржылық активтер

Қаржылық актив (немесе қолданылатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бір бөлігі) қаржы жағдай туралы шоғырландырылмаған есепте танылуды тоқтатады, егер:

- активтен болған ақша ағындарын алу құқығының мерзімі аяқталған болса;
- Қоғам активтен болған ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе алынған ақша ағындарын «транзиттік» келісім шарттарында үшінші тарапқа айтарлықтай кідіріссіз толығымен аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ
- егер Қоғам (а) активтен болған барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде берсе немесе (б) бермеген болса, бірақ активтен болған барлық тәуекелдер мен пайданы сақтамаса, бірақ осы активке бақылауды тапсырса.

Егер Қоғам активтен болған ақша ағындарын алуға өз құқықтарын берген беріп, бұл ретте, оған байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе де, сақтап қалмаса да, сондай-ақ активті бақылауды бермесе, мұндай актив Қоғамның осы активке жалғасып жатқан қатысуы шегінде есепте көрсетіледі. Берілген актив бойынша кепілдік нысаны бар активке қатысуды жалғастыру, активтің бастапқы баланстық құнының ең аз мәндері және Қоғамға төлеуге ұсынылуы мүмкін өтемнің ең жоғары мөлшері бойынша бағаланады.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы**

мың теңгемен

Есептен шығару

Қоғам бұдан былай қаржылық активтер құнының өтелуін күтпегенде, қаржылық активтер не ішінара, не тұтастай есептен шығарылады. Егер есептен шығаруға жататын сома құнсызданатын жинақталған резервтің шамасынан жоғары болса, онда айырмасы алдымен резервтің ұлғаюы ретінде ескеріледі, содан кейін ол жалпы баланстық құнға қолданылады. Одан кейінгі кез келген қалпына келтірулер кредиттік шығындар бойынша шығыстарға жатады. Есептен шығару тануды тоқтатуға жатады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемені тану тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені бір кредитор алдындағы басқа міндеттемемен айтарлықтай өзгеше талаптарда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеме талаптары елеулі түрде өзгертілген жағдайда, бастапқы міндеттемені тану тоқтатылады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе залал құрамындағы міндеттемелердің баланстық құнындағы айырманы тани отырып, есепте көрсетіледі.

Құнсыздану***Туынды емес қаржылық активтер***

Сондай-ақ 4 және 27-ескерпені қар.

Қоғам пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын мынадай қаржы құралдары бойынша күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резервін мойындайды:

- борыштық құралдар болып табылатын қаржылық активтер;
- шығарылған қаржылық кепілдік шарттары.

Үлестік құралдарға салынған инвестициялар бойынша құнсызданудан болған залал танылмайды.

Қоғам резерв сомасы 12 айлық күтілетін кредиттік залалдарға тең болатын мынадай құралдарды қоспағанда, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалға тең сомада күтілетін кредиттік залалға арналған бағалау резервтерін мойындайды:

- есепті күндегі жағдай бойынша орташа кредиттік тәуекелі бар борыштық инвестициялық бағалы қағаздар;
- кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәтінен бастап айтарлықтай өспеген басқа қаржы құралдары.

12 айлық күтілетін кредиттік залал («12 айлық ККЗ»)–есепті күннен кейін 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолт оқиғалары салдарынан күтілетін кредиттік залалдың бір бөлігі. 12 айлық ККЗ танылатын қаржы құралдары «1-кезең» қаржы құралдарына жатады».

Барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залалдар («барлық мерзім ішіндегі ККЗ») бүкіл күтілетін қолданылу мерзімі ішінде қаржы құралы бойынша дефолттың барлық ықтимал оқиғаларының нәтижесінде ККЗ ретінде айқындалады. Барлық мерзім ішіндегі ККЗ танылатын қаржы құралдары «2–кезең» (егер қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған кезінен бастап айтарлықтай артқан, бірақ қаржы құралы кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын жағдайда) және «3-кезең» (егер қаржы құралы кредиттік-құнсызданған құрал болып табылған жағдайда) қаржы құралдарына жатады.

Күтілетін кредиттік залалдарды (ККЗ) бағалау

Күтілетін кредиттік залалдар - дефолттың басталу ықтималдығының дәрежесі бойынша өлшенген кредиттік залалдардың есептелген бағасы. Олар келесідей түрде бағаланады:

- *есепті күндегі жағдай бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын қаржылық активтерге қатысты:* барлық күтілетін ақшалай қаражаттың алынбауының келтірілген құны ретінде (яғни шартқа сәйкес Қоғамға тиесілі ақшалай қаражат ағындары мен Қоғам алуды күткен ақша қаражаттарының ағындары арасындағы айырмашылық);
- *есепті күндегі жағдай бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылатын қаржылық активтерге қатысты:* активтердің жалпы баланстық құны мен ақшалай қаражаттардың есептелген болашақ ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде;

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы

мың теңгемен

- *қаржылық кепілдік шарттарына қатысты:* Қоғам өтеуді күткен соманы шегергенде, келтірілген кредиттік шығынды өтеу үшін шартты ұстаушыға күтілетін төлемдердің келтірілген құны ретінде.

Қайта құрылымдалған қаржылық активтер

Тараптардың келісімі бойынша қаржылық активтің талаптары қайта қаралған немесе қаржылық активтің талаптары модификацияланған немесе қарыз алушының қаржылық қиындықтары себебінен қолданыстағы қаржылық актив жаңасымен ауыстырылған жағдайда, осы қаржылық активті тануды тоқтату қажеттілігі тұрғысынан бағалау жүргізіледі және күтілетін кредиттік залалдар былайша бағаланады:

- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, онда модификацияланған қаржылық актив бойынша күтілетін ақша ағындары қолданыстағы актив бойынша ақшалай қаражатты алмау сомаларының есебіне енгізіледі.
- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті тануды тоқтатуға әкеп соқтыратын болса, онда жаңа активтің күтілетін әділ құны оны тану тоқтатылған сәтте қолданыстағы актив бойынша ақшалай қаражаттың түпкілікті ағыны ретінде қаралады. Бұл сома қолданыстағы қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, тануды тоқтатудың күтілетін күнінен бастап есепті күнге дейінгі кезең үшін дисконтталатын қолданыстағы қаржылық актив бойынша ақшалай қаражатты алмау сомаларының есебіне жатқызылады.

Кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер

Әрбір есепті күнге Қоғам амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтерді және әділ құн бойынша басқа жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын борыштық қаржылық активтерді олардың кредиттік құнсыздануы мәніне бағалауды жүргізеді. Осындай қаржылық актив бойынша болашақ есептік ақша ағындарына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиғалар болған кезде қаржылық актив «кредиттік-құнсызданған» болып табылады.

Мынадай бақыланатын деректер қаржы активінің кредиттік құнсыздануының куәлігі болып табылады, атап айтқанда:

- қарыз алушының немесе эмитенттің айтарлықтай қаржылық қиындықтары;
- дефолт немесе төлемді кешіктіру сияқты шарт талаптарын бұзу;
- Қоғамның қарызды немесе аванстық төлемді басқа жағдайларда ол қарастырмайтын талаптарда қайта құрылымдауы;
- қарыз алушының банкроттығы немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастырылу ықтималдығының туындауы; немесе
- қаржылық қиындықтар нәтижесінде бағалы қағаздар үшін белсенді нарықтың жоғалуы.

Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы салдарынан талаптары қайта қаралған кредит, әдетте, егер шартта көзделген ақша қаражаттарының ағындарын алмау тәуекелі айтарлықтай төмендегені және құнсызданудың басқа белгілері жоқ екендігі туралы куәлік болмаса, кредиттік-құнсызданған болып есептеледі.

Салық салу

Табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері баланстық міндеттемелер әдісі қолданыла отырып, барлық уақыт айырмашылықтарына қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есептілік мақсаттарында активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уақыт айырмашылықтары бойынша көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері салық базасын төмендететін осы уақыт айырмашылықтары есепке алынуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда алу ықтималдығы бар шамада ғана көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есепті күнге күшіне енген немесе іс жүзінде күшіне енген заңнаманы негізге ала отырып, активті іске асыру немесе міндеттемені реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы**

мың теңгемен

Қоғам кейінге қалдырылған салық талаптары мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің өзара есепке алынуын жүргізеді және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есепте нетто негізде көрсетеді, егер:

- егер Қоғамның ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы ағымдағы салық талаптарын есепке алуды жүргізуге заңды түрде бекітілген құқығы болса; және
- кейінге қалдырылған салық талаптары мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері белгілі бір салық субъектісінен белгілі бір салық органы өндіріп алатын корпоративтік табыс салығына жатады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында Қоғам қызметіне қатысты қолданылатын түрлі операциялық салықтар қолданылады. Бұл салықтар басқа операциялық шығыстардың құрамында көрсетіледі.

Акционерлік капитал*Жарғылық капитал*

Жарғылық капиталға жарналар тарихи құны бойынша тікелей шығару шығындары шегеріле отырып танылады.

Резервтік капитал

Резервтік капиталды Қоғам Акционерінің шешімі негізінде бөлінбеген пайдадан қаражат аудару арқылы көбейтуге болады. Қоғамның саясатына сәйкес, резервтік капитал болашақ шығындарды және басқа да күтпеген тәуекелдер мен жағдайларды қоса алғанда, жалпы тәуекелдерді жабу үшін қалыптастырылады. Резервтік капитал Акционердің шешімі негізінде бөлінуге жатады.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және олар есепті күнге дейін жарияланған жағдайда ғана есепті күнге капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ қаржылық есептілік бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашылады.

Шартты міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есепте көрсетілмейді, бұл ретте, өтелуіне байланысты, ресурстардың шығуы екіталай болып табылатын жағдайларды қоспағанда, олар туралы ақпарат шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте ашылады.

Қарыз беру бойынша міндеттемелер

Қарыз беру бойынша міндеттеме - бұл алдын ала келісілген талаптарда және белгіленген мерзімдерде қарыз берудің берік міндеттемесі.

Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша қарыз беру бойынша шығарылған міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Кейіннен олар екі шаманың ең үлкені бойынша бағаланады: ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес анықталған шығындарға арналған бағалау резервінің сомасы бойынша және тиісті жағдайларда, ХҚЕС (IFRS) 15 қағидаттарына сәйкес танылған жинақталған кіріс сомасы шегеріле отырып, бастапқыда танылған сома бойынша бағаланады.

Қоғамда пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыз беру бойынша шығарылған міндеттемелер жоқ. Қарыз беру бойынша өзге де міндеттемелерге қатысты Қоғам залалға арналған бағалау резервін таниды. Қарыз беру бойынша міндеттемелерге қатысты танылған қаржылық міндеттемелер өзге міндеттемелердің құрамына енгізілген.

Кірістер мен шығыстарды тану

Егер Қоғамның экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса және түсімді сенімді түрде бағалауға болатын болса, түсім танылады. Қаржылық есептілікте түсімді тану үшін келесі критерийлер де орындалуы керек:

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен**Пайыздық және ұқсас түсім мен шығыстар*

Қоғам кредиттік–құнсызданған қаржылық активтерден басқа, амортизацияланған құн бойынша немесе ӨЖКӨЖ бойынша бағаланатын борыштық қаржылық активтері бойынша пайыздық түсімді қаржылық активтердің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - бұл дисконттау кезінде болашақ ақшалай төлемдер немесе түсімдер қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде немесе қолданылатын қысқа мерзім ішінде дәлме-дәл қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына әкелетін мөлшерлеме. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын, бірақ болашақ кредиттік залалдар ескерілмейтін құралмен тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығындар ескеріледі. Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны Қоғам төлемдерді немесе түсімдерді бағалауды қайта қараған жағдайда түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгеруі пайыздық түсім немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Кредиттік–құнсызданған қаржылық активке айналған қаржылық актив жағдайында, Қоғам пайыздық түсімді тиімді пайыздық мөлшерлемені осы қаржылық активтің таза амортизацияланған құнына қолдана отырып есептейді. Егер қаржылық актив бойынша дефолт жойылса және ол кредиттік құнсызданған болып табылмаса, Қоғам пайыздық түсімді жалпы құн негізінде есептеуге қайта оралады.

Сатып алынған немесе құрылған кредиттік–құнсызданған (СҚКК) қаржылық активтер жағдайында Қоғам пайыздық түсімді қаржылық активтің амортизацияланған құнына кредиттік тәуекел ескеріле отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептейді. Кредиттік тәуекел ескеріле отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме - бұл бастапқы тану кезінде болашақ есептік ақшалай қаражат ағындарын (кредиттік залалдарды қоса алғанда) СҚКК активтердің амортизацияланған құнына дейін дисконттайтын мөлшерлеме.

Ақпарат ұсыну

Шоғырландырылмаған пайда немесе залал туралы есепте ұсынылған, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кірістер амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша пайыздық кірістерді қамтиды.

Пайда немесе залал туралы шоғырландырылмаған есептің «өзге пайыздық кірістер» бабы қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек бойынша пайыздық кірістерді қамтиды.

Пайда немесе залал туралы шоғырландырылмаған есепте ұсынылған пайыздық шығыстар амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстарды қамтиды.

Мемлекеттік субсидиялар

Мемлекеттік субсидиялар - бұл Үкіметтің, мемлекеттік агенттіктердің және мемлекеттік ұйымдардың Қоғамның операциялық қызметіне қатысты өткен немесе болашақтағы белгілі бір талаптарды орындауға айырбас Қоғамға ресурстарды аудару түріндегі көмегі. Егер Қоғамның мемлекеттік субсидиялармен бйланысты барлық байланысты талаптарды орындайтынына және аталған субсидияларды алатынына негізді сенім болмаса, мемлекеттік субсидиялар танылмайды. Өтеуді талап етуі мүмкін талаптар болған кезде, субсидиялар міндеттемелердің құрамында танылады.

Мемлекет акционер ретінде әрекет етпейтін жағдайларда, нарықтық сыйақыдан төмен сыйақы мөлшерлемесі бойынша мемлекеттік қарызды алудан түскен түсім мемлекеттік субсидия ретінде есепке алынады. Нарықтық мөлшерлемеден төмен сыйақы мөлшерлемесінен түскен пайда қарыздың бастапқы баланстық құны мен түсімдер сомасы арасындағы айырма ретінде бағаланады.

Мемлекеттік субсидиялар Қоғам өтеу үшін субсидия қаражаттары арналған тиісті шығындарды шығыстар ретінде танытын кезеңдер ішінде жүйелі негізде пайда немесе залал құрамында танылады.

Еншілес кәсіпорынға инвестициялар

Қоғамның еншілес ұйымдарға салған инвестициялары Қоғам дауыс беретін акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің жартысынан астамын тікелей немесе жанама иеленетін және бұл ретте, Қоғам бақылайтын ұйымдар болып табылады.

Бас ұйым бақылаудың барлық компоненттеріне ие болған жағдайларда, дауыс беретін акциялардың жартысынан азына ие болған жағдайда да бақылау болуы мүмкін.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

Осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте Қоғам еншілес ұйымдарға инвестицияларды құнсызданудан болған шығындарды шегергенде, бастапқы құны бойынша есепке алады.

Бастапқы құны бойынша есепке алынатын еншілес ұйымдарға инвестициялардың баланстық құны шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте әділ құнды өзгертуге кейіннен түзетуге жатпайды, алайда, одан кейінгі кезеңдерде еншілес компанияларға инвестициялар құнының құнсыздануына тестіленеді.

Инвестицияларды сатып алу

Еншілес ұйымдарға инвестициялар сатып алу жөніндегі мәмілені жалпы бақылаумен жүзеге асыру кезінде Қоғам осы мәмілені өзінің жеке қаржылық есептілігінде көрсетудің мынадай тәсілін пайдаланады – айырбастауға берілген соманы негізге ала отырып есепке алу. Қолданылатын тәсілдің негізі мәміле тараптары өз атынан әрекет ететін дербес кәсіпорындар болып табылатындығы және есепке алу тәртібі осы мәміленің нақты талаптарын көрсететіндігі болып табылады.

Бақылауды жоғалту

Еншілес компанияны бақылауды жоғалтқан кезде Қоғам өзінің инвестициясын тануды тоқтатады. Қалған кез келген үлес қолданыстағы ХҚЕС сәйкес қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есепте таныла береді. Бақылауды жоғалту нәтижесінде туындаған кез келген оң немесе теріс айырма, егер еншілес компанияны бақылау байланысты тарапқа берілген жағдайда, кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында не капиталдағы жинақталған залал құрамында танылады.

Еншілес компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Қоғам еншілес компанияларға салынған инвестициялардың ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын анықтап отырады. Мұндай белгілер болған жағдайда немесе егер инвестицияларды құнсыздануға жыл сайын тестілеу жүргізу талап етілсе, Қоғам инвестициялардың өтелетін сомасына бағалау жүргізеді. Инвестициялардың өтелетін сомасы - бұл келесі өлшемдердің ішіндегі ең үлкені: активтің әділ құны, шығуға жұмсалған шығындарды шегергенде және активті пайдалану құндылығы.

Актив негізінен басқа активтермен немесе актив топтарымен генерацияланатын ағындардан тәуелсіз ақша ағындарын генерацияламайтын жағдайларды қоспағанда, өтелетін сома жекелеген актив үшін анықталады. Егер ақша қаражатын генерациялайтын активтің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін сомаға дейін есептен шығарылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде есептік болашақ ақша ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсететін, салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталады. Істен шығу шығындарын шегергендегі әділ құнды анықтау кезінде таяу арадағы нарықтық операциялар ескеріледі. Олар болмаған жағдайда, тиісті бағалау моделі қолданылады. Бұл есептеулер бағалау коэффициенттерімен, нарықта еркін айналымдағы акция бағасының баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады. Қоғам құнсыздану сомасын жекелеген активтер жатқызылған ақша қаражатын генерациялайтын әрбір бірлік үшін жеке дайындалатын егжей-тегжейлі жоспарлар мен болжамды есептеулерге сүйене отырып айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есептеулер, әдетте, бес жылға жасалады. Ұзақ мерзімді өсу қарқыны бесінші жылдан кейінгі болжамды болашақ ақша ағындарына есептеледі және қолданылады.

Еншілес компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздануынан болған залалдар «Еншілес компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздануынан болған залалдар» құрамындағы пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылмаған есепте танылады. Әрбір есепті күнге Қоғам инвестициялардың құнсыздануынан бұрын танылған шығындар енді жоқ немесе азайған деген белгілердің бар-жоғын анықтайды. Егер мұндай белгі болса, Қоғам инвестициялардың өтелетін сомасын есептейді. Құнсызданудан бұрын танылған залалдар, егер инвестицияның өтелетін сомасын айқындау үшін, құнсызданудан болған залал соңғы танылған кезден бастап пайдаланылған жорамалдарда өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру, инвестицияның баланстық құны оның өтелетін сомасынан аспайтындай, сондай-ақ егер өткен жылдары құнсызданудан залал танылмаған болса, осы инвестиция танылатын баланстық құннан аспайтындай етіп шектеледі. Мұндай құнды қалпына келтіру пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылмаған есепте танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы

мың теңгемен

Шетел валюталарын қайта есептеу

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен ұсынылған, ол Қоғамның функционалдық валютасы және есептілікті ұсыну валютасы болып табылады. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция жасалған күні қолданыстағы айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданыстағы айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валютасында операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар «Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кіріс/(залал)» бабы бойынша пайда немесе залал туралы шоғырландырылмаған есепте көрсетіледі. Шетел валютасында нақты құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операция жасалған күнге қолданыстағы айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құн бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құн айқындалған күнге қолданыстағы айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасындағы операция бойынша шарттық айырбас бағамы мен Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚҚБ») ресми бағасы арасындағы айырма осындай операция жасалған күнге бағамдық айырмадан болған шығыстарды шегергендегі кірістер құрамына енгізіледі. Төменде Қоғамның қаржылық есептілікті жасау кезінде қолданған айырбас бағамдары келтірілген:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Теңге/АҚШ доллары	454.56	462.65

Сегменттік есептілік

Қоғамның бизнесі мен географиялық сегменттері осы қаржылық есептілікте бөлек ұсынылмаған, өйткені Қоғам басшылығы кредит берудің негізгі операциялық сегменті Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы ұйымдары болып табылады, олар бойынша тәуекелдер мен қайтару дәрежесі бүкіл ел бойынша ұқсас болып саналады деп есептейді. Қоғамның ресурстарын бөлу және оның қызметінің нәтижелерін операциялық шешімдер қабылдайтын Қоғам басшылығының бағалауы туралы шешімдер қабылдау ХҚЕС сәйкес дайындалған қаржылық есептілікке негізделеді.

Пайдалануға әлі қабылданбаған жаңа стандарттар мен түсініктемелер

Бірқатар жаңа стандарттар мен түсініктемелер 2024 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдер үшін мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен күшіне енеді. Алайда, Қоғам осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындау кезінде жаңа және өзгертілген стандарттарға мерзімінен бұрын көшуді жүзеге асырмады.

Стандарттарға келесі түзетулер мен түсініктемелер Қоғамның шоғырландырылмаған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- «Кері жалдаумен сату кезіндегі жалгерлік міндеттемесі» (ХҚЕС-қа түзетулер (IFRS) 16);
- «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу» және «Ковенанттармен ұзақ мерзімді міндеттемелер» (ХҚЕС (IAS) 1 түзетулер);
- «Өнім берушілерді қаржыландыру туралы уағдаластықтар» (ХҚЕС (IAS) 7 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулер);
- «Бір валютаны екіншісіне айырбастау мүмкінсіздігі» (ХҚЕС (IAS) 21 түзетулер).

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген стандарттарға жаңа түзетулер Қоғамның шоғырландырылмаған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

4. Елеулі есептік пайымдаулар мен бағалаулар

Бағалаулар мен пайымдаулардың белгісіздігі

Есеп саясатын қолдану барысында Қоғам басшылығы есептік бағалаудан басқа, қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға айтарлықтай әсер ететін келесі пайымдаулар мен бағалауларды жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауларды қолданудың маңызды жағдайлары келтірілген:

Қаржы құралдарының әділ құны

Егер қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есепте көрсетілген қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерді қамтитын әртүрлі бағалау модельдерін қолдану арқылы анықталады. Мұндай модельдердің бастапқы деректері, егер мүмкін болса, бақыланатын нарық негізінде анықталады; олай болмаған жағдайда, әділ құнды анықтау үшін пайымдауды қолдану қажет. Қосымша ақпарат 27-ескертемеде берілген.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен**Қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдар*

Қаржылық активтердің барлық санаттары бойынша ХКЕС (IFRS) 9 сәйкес шығындарды бағалау пайымдауды қолдануды талап етеді, атап айтқанда, ККЗ анықтау және кредиттік тәуекелдің едәуір өсуін бағалау кезінде болашақ ақша ағындарының пайда болу мөлшері мен мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есептік бағалау бірқатар факторларға байланысты, олардың өзгеруі құнсыздану үшін бағалау резервтерінің әртүрлі сомаларына әкелуі мүмкін. Қоғамның ККЗ есептеулері ауыспалы бастапқы деректердің және олардың өзара тәуелділіктерін таңдауға қатысты бірқатар негізгі жорамалдарды қамтитын күрделі модельдердің нәтижесі болып табылады. Пайымдауалар мен есептік бағалаулар болып саналатын ККЗ есептеу модельдерінің элементтеріне мыналар жатады:

- кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы болғанын бағалау үшін Қоғам қолданатын өлшемшарттар, соның нәтижесінде қаржылық активтер бойынша құнсыздануға арналған бағалау резерві бүкіл мерзімдегі ККЗ тең сомада бағалануы керек және сапалық бағалау;
- қаржылық активтерді топтарға біріктіру, олар бойынша ККЗ топтық негізде бағаланғанда;
- әр түрлі формулаларды қоса алғанда, ККЗ есептеу модельдерін әзірлеу және бастапқы деректерді таңдау;
- макроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер арасындағы өзара байланысты, сондай-ақ дефолт ықтималдығы көрсеткіштеріне (PD), дефолт тәуекеліне ұшырағыш шамаға (EAD) және дефолт кезіндегі ысырап деңгейіне (LGD) әсерді анықтау;
- болжамды макроэкономикалық сценарийлерді таңдау және оларды ККЗ бағалау модельдері үшін экономикалық бастапқы деректерді алу ықтималдығын ескере отырып өлшеу.

Қосымша ақпарат 25-ескертпеде берілген.

Кепілмен қамтамасыз етуді бағалау

Қоғам басшылығы нарықтағы ағымдағы жағдайды ескере отырып, кепілмен қамтамасыз ету құнын түзету үшін тәжірибеге негізделген пайымдауларды немесе тәуелсіз бағалауды пайдалана отырып, кепілмен қамтамасыз ету мониторингін тұрақты негізде жүзеге асырып отырады. Кепілмен қамтамасыз ету туралы қосымша ақпарат 8 және 25-ескертпелерде берілген.

Мемлекеттік субсидиялар

Қоғам басшылығы Қазақстан Республикасының Үкіметінен және жергілікті атқарушы органдардан, сондай-ақ мемлекетпен байланысты өзге де ұйымдардан белгілі бір номиналды мөлшерлеменен түпкілікті қарыз алушыларға белгілі бір мерзімге, қарыз алушылардың белгілі бір сегментіне қарыз беру сияқты орындауға қойылатын талаптардың болуы мәніне нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша қарыз алуды тарту бойынша барлық талаптарға талдауды жүзеге асырады. Мұндай талаптар болған жағдайда Қоғам мемлекеттік субсидия бойынша міндеттемені таниды. Қосымша ақпарат 7,8,12,14,15,16 және 19-ескертпелерде берілген.

Салық салу

Қазіргі уақытта Қазақстанда негізгі салық мәселелерін реттейтін бірыңғай Салық кодексі қолданылады. Қолданыстағы салықтарға қосылған құн салығы, корпоративті табыс салығы, әлеуметтік және басқа салықтар кіреді. Көбінесе, нормативтік-құқықтық актілерді қолдану жөніндегі атқарушы өкімдер түсініксіз немесе мүлдем болмайды, және шамалы прецеденттер анықталды. Ведомстволар арасында да, бір ведомство ішінде де ережелерді заң тұрғысында түсіндіруге қатысты әртүрлі пікірлер жиі кездеседі, бұл кейбір белгісіздіктер мен қақтығыс жағдайларын тудырады. Салық декларациялары, сондай-ақ заңдық реттеудің өзге де салалары (мысалы, кедендік және валюталық бақылау мәселелері) заң бойынша елеулі айыппұлдар, өсімпұлдар мен тұрақсыздық айыбын салуға құқығы бар бірнеше ведомстволардың бақылауында. Мұндай жағдай, мысалы, салық заңнамасының неғұрлым дамыған жүйелері бар басқа елдерге карағанда, Қазақстанда салық тәуекелдерінің үлкен ықтималдылық дәрежесін тудырады.

Басшылық Қоғам өз қызметін реттейтін Қазақстан Республикасы салық заңнамасының ережелерін ұстанады деп есептейді. Алайда, тиісті органдардың даулы салық мәселелеріне қатысты өзге позицияларды алуы тәуекелі қалып отыр.

Бағалау үшін база

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілік нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен***5. Салыстырмалы көрсеткіштердің өзгеруі**

Бұрын ұсынылған деректерді тиісті көрсеткіштерге түзету салдарынан өзгерістердің әсері мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	Алдыңғы кезеңдегі есептілікке сәйкес	Қайта жіктеудің әсері	Қайта жіктелген
Өзге пайыздық кірістер			
Өзге дебиторлық берешек (цессия)	88,095	(88,095)	–
Өзге кірістер	259,752	88,095	347,847

6. Ақша қаражаттары және олардың баламалары

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
«Кері репо» операциялары	72,478,190	69,114,656
Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаттары	48,850,260	28,256,373
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіндегі (бұдан әрі – «РММ») ағымдағы шоттағы ақшалай қаражат	3,862,244	10,351,066
Басқа банктердегі «овернайт» депозиттері	749	741
Кассадағы ақша қаражаттары	–	14
	125,191,443	107,722,850
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(3,502)	(2,567)
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	125,187,941	107,720,283

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламалары мерзімі өткен болып табылмайды және кредиттік тәуекел деңгейінің 1-сатысына жатады (2022 жылғы 31 желтоқсан: мерзімі өткен болып табылмайды және кредиттік тәуекел деңгейінің 1-сатысына жатады).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттарының қалдықтары мен олардың баламаларының кредиттік сапасы «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің немесе «Standard & Poor's» шкаласы бойынша айырбасталған басқа агенттіктердің рейтингтері негізінде ұсынылуы мүмкін:

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>					
	<i>«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ-гі</i>	<i>Басқа банктердегі «овернайт» депозиті</i>	<i>«Кері репо» операциялары</i>	<i>Жиыны</i>	
<i>Ағымдағы шоттар</i>	<i>ағымдағы шот</i>				
Мерзімі өтпеген					
- «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ-гі ағымдағы шоттағы ақшалай қаражат (берілген кредиттік рейтингі жоқ)	-	3,862,244	-	-	3,862,244
- ВВВ- бастап ВВВ+ дейінгі рейтингімен	8,801,313	-	-	-	8,801,313
- ВВ- бастап ВВ+ кредиттік рейтингімен	40,048,483	-	-	-	40,048,483
- берілген кредиттік рейтингі жоқ	464	-	749	72,478,190	72,479,403
Құнсыздануға арналған резерв шегерілгенге дейін, қолма-қол ақша қаражатын қоспағанда, ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жиыны	48,850,260	3,862,244	749	72,478,190	125,191,443
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(2,017)	(42)	-	(1,443)	(3,502)
Қолма-қол ақша қаражатын қоспағанда, ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жиыны	48,848,243	3,862,202	749	72,476,747	125,187,941
<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>					
	<i>«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ-гі</i>	<i>Басқа банктердегі «овернайт» депозиті</i>	<i>«Кері репо» операциялары</i>	<i>Жиыны</i>	
<i>Ағымдағы шоттар</i>	<i>ағымдағы шот</i>				
Мерзімі өтпеген					
- «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ-гі ағымдағы шоттағы ақшалай қаражат (берілген кредиттік рейтингі жоқ)	-	10,351,066	-	-	10,351,066
- ВВВ- бастап ВВВ+ дейінгі рейтингімен	20,146,053	-	-	-	20,146,053
- ВВ- бастап ВВ+ кредиттік рейтингімен	73,439	-	-	-	73,439
- В- бастап В+ кредиттік рейтингімен	4,407,450	-	-	-	4,407,450
- Берілген кредиттік рейтингі жоқ	3,629,431	-	741	69,114,656	72,744,828
Құнсыздануға арналған резерв шегерілгенге дейін, қолма-қол ақша қаражатын қоспағанда, ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жиыны	28,256,373	10,351,066	741	69,114,656	107,722,836
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(835)	(124)	-	(1,608)	(2,567)
Қолма-қол ақша қаражатын қоспағанда, ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жиыны	28,255,538	10,350,942	741	69,113,048	107,720,269

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген кредиттік рейтингі жоқ ағымдағы шоттардағы ақша қаражатының қалдығы «Ситибанк Қазақстан» АҚ және «Қазпошта» АҚ қалдықтарын қамтиды (2022 жылғы 31 желтоқсан: «Ситибанк Қазақстан» АҚ және «Bereke Bank» АҚ).

2023 жылғы 31 желтоқсанға Қоғам Қазақстан қор биржасында «кері репо» мәмілелерін жасасты, осы мәмілелер бойынша қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және «Қазақстандық тұрақтылық қоры» АҚ қазынашылық вексельдері болды, олардың әділ құны 72,467,012 мың теңгені құрады. Есепті күнге «кері репо» шарттары бойынша баланстық құны 72,476,747 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанға әділ құны 69,312,849 мың теңге; баланстық құны – 69,113,048 мың теңге). 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы мәмілелердің баланстық құны Қоғамның меншікті капиталының 10.00%-нан астамын құрайды.

Қоғамның ақша қаражаттары қалдықтарының және олардың баламаларының жалпы сомасы меншікті капиталдың 10.00%-нан астамын құрайтын банкте шоттары жоқ (2022 жылғы 31 желтоқсан: жоқ).

7. Банктерге берілген кредиттер

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Екінші деңгейлі банктерге берілген кредиттер	29,586,359	10,463,976
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(10,451)	(7,622)
Банктердегі қаражат	29,575,908	10,456,354

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктерге берілген кредиттер мерзімі өткен болып табылмайды және кредиттік тәуекел деңгейінің 1-сатысына жатады (2022 жылғы 31 желтоқсан: мерзімі өткен болып табылмайды және кредиттік тәуекел деңгейінің 1-сатысына жатады).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктерге берілген кредиттердің кредиттік сапасы «Standard & Poor 's» рейтингтік агенттігінің немесе «Standard & Poor 's» шкаласы бойынша айырбасталған басқа агенттіктердің рейтингтері негізінде ұсынылуы мүмкін:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Мерзімі өтпеген:		
– BBB– бастап BBB+ дейінгі кредиттік рейтингімен	27,209,261	9,406,581
– BB– бастап BB+ дейінгі кредиттік рейтингімен	2,377,098	–
– B– бастап B+ дейінгі кредиттік рейтингімен	–	1,057,395
	29,586,359	10,463,976
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(10,451)	(7,622)
Банктерге берілген кредиттер	29,575,908	10,456,354

2023 жыл ішінде көктемгі дала жұмыстарын жүргізуді қолдауға бағытталған жыл сайынғы «Кең-Дала» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Қоғам «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на жалпы сомасы 56,000,000 мың теңгеге және «Банк ЦентрКредит» АҚ-на жалпы сомасы 4,861,311 мың теңгеге, нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеме - жылдық 1.50% бойынша және 2023 жылғы 24-27 қарашада және 2024 жылғы 1 наурызда тең үлестерде берешекті өтеу мерзімімен кредиттер берді. Қоғам 6,765,769 мың теңге мөлшеріндегі дисконтты нарықтық мөлшерлемелерден төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал ретінде және 6,038,656 мың теңге мөлшеріндегі дисконт амортизациясынан пайыздық кіріс ретінде, тиісінше банктерге берілген кредиттер бойынша өзге шығыстар мен пайыздық кірістер құрамындағы пайда немесе залал туралы шоғырландырылмаған есепте таныды. Қоғам шарттар бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау жолымен бастапқы тану кезінде жоғарыда аталған кредиттердің әділ құнын бағалау үшін жылдық 16.28%-дан 18.42%-ға дейінгі есептік нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қолданды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

2022 жыл ішінде көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге қолдау көрсетуге бағытталған жыл сайынғы «Кең-Дала» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Қоғам «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на жалпы сомасы 38,664,184 мың теңгеге, «First Heartland Jusan Bank» АҚ-на жалпы сомасы 3,099,228 мың теңгеге, «Банк ЦентрКредит» АҚ-на жалпы сомасы 996,567 мың теңгеге нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме - 1.50% бойынша және жалпы сомасы 32,957,000 мың теңгеге берілген қарызды 2022 жылғы 1 желтоқсанға дейін және жалпы сомасы 9,802,979 мың теңгеге берілген қарызды 2023 жылғы 1 наурызға дейін өтеу мерзімімен кредиттер берді. Қоғам 3,539,813 мың теңге мөлшеріндегі дисконтты нарықтық мөлшерлемелерден төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал ретінде және 3,318,027 мың теңге мөлшеріндегі дисконт амортизациясынан пайыздық кірісті, тиісінше, банктерге берілген кредиттер бойынша өзге шығыстар мен пайыздық кірістер құрамындағы пайда немесе залал туралы шоғырландырылмаған есепте мойындады. Қоғам шарттар бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы бастапқы тану кезінде жоғарыда аталған кредиттердің әділ құнын бағалау үшін жылдық 14.91%-дан 18.76%-ға дейінгі есептік нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қолданды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның банктерде жалпы қалдығы меншікті капиталының 10.00%-нан асатын баланстары болған жоқ.

8. Клиенттерге берілген кредиттер

Клиенттерге берілген кредиттер аграрлық секторда қызметін жүзеге асыратын қарыз алушыларға берілген кредиттермен ұсынылған және келесі позицияларды қамтиды:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Заңды тұлғалар–кредиттік серіктестіктерге берілген кредиттер	327,752,769	277,797,806
Инвестициялық жобаларды іске асыру үшін заңды тұлғаларға берілген кредиттер	106,452,355	115,230,483
Басқа заңды тұлғаларға берілген кредиттер	196,266,196	194,415,893
Жеке тұлғаларға берілген несиелер	268,404,726	273,482,237
	898,876,046	860,926,419
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(172,065,060)	(138,009,051)
Клиенттерге берілген кредиттер	726,810,986	722,917,368

Клиенттерге берілген кредиттердің құнсыздануына арналған резерв

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі ай ішінде заңды тұлғалар мен жеке тұлғаларға берілген кредиттер бойынша жалпы баланстық құн өзгерістерінің және күтілетін кредиттік залалдарға (ККЗ) арналған резервтің талдауы келтірілген:

Заңды тұлғаларға-кредиттік серіктестіктерге берілген кредиттер

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚКК</i>	<i>Итого</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	205,930,373	40,554,189	30,571,154	742,090	277,797,806
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	161,806,404	–	–	2,805,507	164,611,911
Жалпы баланстық құнды ішінара өтеуге немесе ұлғайтуға байланысты өзгерістерді қоса алғанда, өтелген активтер	(74,229,025)	(32,789,324)	(9,770,301)	(63,407)	(116,852,057)
1-кезеңге аударымдар	8,418,407	(6,804,408)	(1,613,999)	–	–
2-кезеңге аударымдар	(113,318,591)	117,991,548	(4,672,957)	–	–
3-кезеңге аударымдар	(44,557,080)	(13,730,769)	58,287,849	–	–
Тануды тоқтатуға әкелмейтін модификацияға байланысты шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	–	–	(799,329)	(143,195)	(942,524)
Есептелген пайыздардағы өзгерістер	(154,509)	1,841,884	2,021,869	30,419	3,739,663
Есептен шығару	–	–	(602,024)	(6)	(602,030)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	143,895,979	107,063,120	73,422,262	3,371,408	327,752,769

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен***Заңды тұлғаларға-кредиттік серіктестіктерге берілген кредиттер**

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚКҚ</i>	<i>Жиыны</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	592,991	349,827	4,082,514	–	5,025,332
Құрылған немесе сатып алынған жаңа активтер	1,440,151	–	–	–	1,440,151
Өтелген активтер	(254,508)	(320,941)	(137,752)	(7,551)	(720,752)
1-кезеңге аударымдар	63,444	(48,107)	(15,337)	–	–
2-кезеңге аударымдар	(625,596)	640,449	(14,853)	–	–
3-кезеңге аударымдар	(353,981)	(223,621)	577,602	–	–
Кезеңдер арасындағы аударымдар мен бастапқы деректердің өзгеруі нәтижесінде бір жылдағы ККЗ өзгерулері	645,418	6,695,769	5,553,334	149,578	13,044,099
Дисконтты босату	–	–	2,375,637	(229)	2,375,408
Есептен шығару	–	–	(602,024)	(6)	(602,030)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	1,507,919	7,093,376	11,819,121	141,792	20,562,208

Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін заңды тұлғаларға берілген кредиттер

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚКҚ</i>	<i>Жиыны</i>
2023 жылғы 1 қаңтардағы жалпы баланстық құн	36,483,317	1,311,751	75,235,230	2,200,185	115,230,483
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	3,931,277	–	–	–	3,931,277
Жалпы баланстық құнды ішінара өтеуге немесе ұлғайтуға байланысты өзгерістерді қоса алғанда, өтелген активтер	(5,294,708)	90,936	(4,793,253)	(402,373)	(10,399,398)
1-кезеңге аударымдар	3,906,280	(511,605)	(3,394,675)	–	–
2-кезеңге аударымдар	–	23,353	(23,353)	–	–
3-кезеңге аударымдар	(9,770,313)	(800,146)	10,570,459	–	–
Тануды тоқтатуға әкелмейтін модификацияға байланысты шартта көзделген ақша ағындарының өзгерулері	–	–	(3,424,676)	–	(3,424,676)
Есептелген пайыздардағы өзгерістер	(182,693)	(97,867)	3,470,330	–	3,189,770
Есептен шығару	–	–	(1,584,511)	(490,590)	(2,075,101)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	29,073,160	16,422	76,055,551	1,307,222	106,452,355

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен***Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін заңды тұлғаларға берілген кредиттер**

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>ҚСҚК</i>	<i>Жиыны</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	5,872,890	234,729	37,559,536	1,698,605	45,365,760
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	307,716	–	–	–	307,716
Өтелген активтер	(5,420)	–	(112,906)	–	(118,326)
1-кезеңге аударымдар	613,129	(5,116)	(608,013)	–	–
2-кезеңге аударымдар	–	4,050	(4,050)	–	–
3-кезеңге аударымдар	(2,020,032)	(229,613)	2,249,645	–	–
Кезеңдер арасындағы аударымдар мен бастапқы деректердің өзгеруі нәтижесінде бір жылдағы ККЗ өзгерулері	(275,887)	(1,479)	(6,518,982)	(147,925)	(6,944,273)
Дисконтты босату	–	–	5,832,056	(134,324)	5,697,732
Есептен шығару	–	–	(1,584,511)	(490,590)	(2,075,101)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	4,492,396	2,571	36,812,775	925,766	42,233,508

Өзге заңды тұлғаларға берілген кредиттер

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>ҚСҚК</i>	<i>Жиыны</i>
2023 жылғы 1 қаңтардағы жалпы баланстық құн	99,692,260	4,842,841	84,389,736	5,491,056	194,415,893
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	55,959,826	–	116,500	3,968,372	60,044,698
Жалпы баланстық құнды ішінара өтеуге немесе ұлғайтуға байланысты өзгерістерді қоса алғанда, өтелген активтер	(47,245,535)	(3,060,250)	(6,715,490)	(363,254)	(57,384,529)
1-кезеңге аударымдар	4,656,071	(139,394)	(4,516,677)	–	–
2-кезеңге аударымдар	(14,518,451)	14,640,365	(121,914)	–	–
3-кезеңге аударымдар	(18,606,331)	(1,411,823)	20,018,154	–	–
Тануды тоқтатуға әкелмейтін модификацияға байланысты шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	–	–	(5,889,472)	(418,126)	(6,307,598)
Есептелген пайыздардағы өзгерістер	157,084	969,776	7,229,023	601,954	8,957,837
Есептен шығару	–	–	(3,451,138)	(8,967)	(3,460,105)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	80,094,924	15,841,515	91,058,722	9,271,035	196,266,196

Өзге заңды тұлғаларға берілген кредиттер

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>ҚСҚК</i>	<i>Жиыны</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	2,864,726	1,144,217	42,295,872	25,265	46,330,080
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	3,859,781	–	57,121	–	3,916,902
Өтелген активтер	(406,446)	(536,463)	(585,946)	(288,255)	(1,817,110)
1-кезеңге аударымдар	1,697,838	(25,318)	(1,672,520)	–	–
2-кезеңге аударымдар	(1,196,010)	1,270,974	(74,964)	–	–
3-кезеңге аударымдар	(1,239,624)	(335,898)	1,575,522	–	–
Кезеңдер арасындағы аударымдар мен бастапқы деректердің өзгеруі нәтижесінде бір жылдағы ККЗ өзгерістері	1,395,684	3,854,594	10,518,036	4,338,894	20,107,208
Дисконтты босату	–	–	6,196,532	(2,411)	6,194,121
Қалпына келтіру	–	–	588	–	588
Есептен шығару	–	–	(3,451,138)	(8,967)	(3,460,105)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	6,975,949	5,372,106	54,859,103	4,064,526	71,271,684

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

Келесі кестеде 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған он екі ай ішінде жеке тұлғаларға берілген кредиттер бойынша жалпы баланстық құн мен ККЗ арналған резервтің өзгеруіне талдау келтірілген.

Жеке тұлғаларға берілген кредиттер

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>ҚСҚҚ</i>	<i>Жиыны</i>
2023 жылғы 1 қаңтардағы жалпы баланстық құн	200,941,961	6,093,861	64,228,427	2,217,988	273,482,237
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	55,935,346	19,361	–	156,230	56,110,937
Жалпы баланстық құнды ішінара өтеуге немесе ұлғайтуға байланысты өзгерістерді қоса алғанда, өтелген активтер	(51,067,629)	(1,356,997)	(10,836,958)	183,644	(63,077,940)
1-кезеңге аударымдар	12,662,661	(1,554,415)	(11,108,246)	–	–
2-кезеңге аударымдар	(6,656,863)	8,442,429	(1,785,566)	–	–
3-кезеңге аударымдар	(19,451,814)	(3,948,688)	23,400,502	–	–
Тануды тоқтатуға әкелмейтін модификацияға байланысты шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	–	–	(1,558,644)	(201,230)	(1,759,874)
Есептелген пайыздардағы өзгерістер	1,896,473	790,771	2,378,471	11,445	5,077,160
Есептен шығару	–	–	(1,425,409)	(2,385)	(1,427,794)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	194,260,135	8,486,322	63,292,577	2,365,692	268,404,726

Жеке тұлғаларға берілген кредиттер

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>ҚСҚҚ</i>	<i>Жиыны</i>
2023 жылғы 1 қаңтарға күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	7,337,245	1,156,098	32,276,102	518,434	41,287,879
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	948,625	3,259	–	–	951,884
Өтелген активтер	(378,324)	(47,779)	(1,703,400)	(14,696)	(2,144,199)
1-кезеңге аударымдар	4,431,174	(288,950)	(4,142,224)	–	–
2-кезеңге аударымдар	(359,195)	951,486	(592,291)	–	–
3-кезеңге аударымдар	(678,105)	(740,144)	1,418,249	–	–
Кезеңдер арасындағы аударымдар мен бастапқы деректердің өзгеруі нәтижесінде бір жылдағы ККЗ өзгерістері	(6,603,200)	823,756	839,552	(121,215)	(5,061,107)
Дисконтты босату	–	–	4,393,423	(3,470)	4,389,953
Қалпына келтіру	–	–	1,044	–	1,044
Есептен шығару	–	–	(1,425,409)	(2,385)	(1,427,794)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	4,698,220	1,857,726	31,065,046	376,668	37,997,660

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

Келесі кестеде 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған он екі ай ішінде заңды тұлғаларға берілген кредиттер бойынша ЖБҚ мен ККЗ арналған резервтің өзгеруіне талдау келтірілген:

Алынған қарыздарды бастапқы тану кезінде 27,620,548 мың теңге мөлшеріндегі дисконт 2023 жыл ішінде оны ішінара пайдалана отырып, мемлекеттік субсидия бойынша міндеттеме ретінде көрсетілді. 18,016,573 мың теңге сомасындағы дисконттың амортизациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі алдындағы берешек бойынша пайыздық шығыстар құрамында көрсетілді. Қоғам шартта көзделген ақшалай қаражаттың болашақ ағындарын дисконттау жолымен бастапқы тану кезінде қарыздың әділ құнын бағалау үшін жылдық 17.71% - дан 18.25% - ға дейінгі есептік нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қолданды.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

2023 жылғы 29 қарашада Қоғам 2023 жылғы 15 желтоқсанға дейін алынған 20,000,000 мың теңге мөлшерінде бірінші транштың бір бөлігі үшін мерзімді ұзарту туралы қосымша келісім жасасты. Ұзарту мерзімі 2024 жылғы 30 қарашаға дейін. Бастапқы өтеу мерзімін ұзарту нәтижесінде Қоғам мемлекеттік субсидия бойынша қосымша міндеттеме ретінде көрсете отырып, 3,061,822 мың теңге сомасында қосымша дисконт таныды. Қарыздың әділ құнын бағалау үшін оны модификациялау сәтіне Қоғам жылдық 17.98% есептік нарықтық мөлшерлемені қолданды. 70,000,000 мың теңге мөлшерінде алынған екінші траншты өтеу мерзімі - 2024 жылғы 30 қараша өзгеріссіз қалды.

2022 жылғы 17 ақпанда Қоғам Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен жылдық 0.01% номиналды пайыздық мөлшерлеменен және 2023 жылғы 30 наурызда өтеу мерзімімен 140,000,000 мың теңге сомасына қарыз шартын жасасты. Қарыз кәсіпорындардың көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуі кезінде оларды қолдауға бағытталған «Кең-Дала» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде алынған болатын. Алынған қарыз толық көлемде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «First Heartland Jusan Bank» АҚ және «Банк ЦентрКредит» АҚ-на жоғарыда көрсетілген бағдарламада көзделген одан әрі нысаналы мақсатта пайдалану шартымен жалпы сомасы 42,759,979 мың теңгеге (7-ескерпне), сондай-ақ тікелей клиенттерге жалпы сомасы 97,240,021 мың теңгеге (8-ескерпне) жіберілген болатын.

Алынған қарыздарды бастапқы тану кезінде 14,420,694 мың теңге мөлшеріндегі дисконт 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі ай ішінде ішінара пайдаланылатын мемлекеттік субсидия бойынша міндеттеме ретінде көрсетілді. 12,079,148 мың теңге сомасындағы дисконт амортизациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі алдындағы берешек бойынша пайыздық шығыстар құрамында көрсетілді. Қоғам шартта көзделген ақшалай қаражаттың болашақ ағындарын дисконттау жолымен бастапқы тану кезінде қарыздың әділ құнын бағалау үшін жылдық 12.30% - дан 16.74% - ға дейінгі есептік нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қолданды.

2022 жылғы 30 қарашада Қоғам 2023 жылғы 30 қарашаға дейін алынған қарыздың осы күнге өтелмеген бөлігі үшін мерзімді ұзарту туралы қосымша келісім жасады. Ұзарту күніне алынған қарыздың өтелмеген бөлігі 70,000,000 мың теңгені құрады. Бастапқы өтеу мерзімін ұзарту нәтижесінде Қоғам мемлекеттік субсидия бойынша қосымша міндеттеме ретінде көрсете отырып, 6,910,697 мың теңге сомасында қосымша дисконт таныды. Қарыздың әділ құнын бағалау үшін оны модификациялау сәтіне Қоғам жылдық 16.77% есептік нарықтық мөлшерлемені қолданды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алынған қарыздардың баланстық құны, 6,594 мың теңге сомасында есептелген пайыздарды қоса алғанда, 77,340,798 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 117 мың теңге сомасында есептелген пайыздарды қоса алғанда, 60,747,873 мың теңге).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы**

мың теңгемен

15. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

Теңгемен деноминацияланған шығарылған борыштық бағалы қағаздар мынадай позицияларды қамтиды:

	Орналас- тыру күні	Өтеу күні	Жылына пайыз- дық мөлшер- леме, %	Номиналды құн		Баланстық құн	
				2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Тиянақталған кіріспен облигациялар (4-ші облигациялық бағдарламаның 1-ші шығарылымы)	2019 жылғы 10 қазан	2026 жылғы 10 қазан	10.75%	39,475,017	39,475,017	40,413,755	40,411,419
Тиянақталған кіріспен облигациялар (4-ші облигациялық бағдарламаның 6-шы шығарылымы)	2021 жылғы 30 маусым	2031 жылғы 10 желтоқсан	15.0%	35,000,000	35,000,000	39,817,201	40,385,211
Тиянақталған кіріспен облигациялар (4-ші облигациялық бағдарламаның 2-ші шығарылымы)	2020 жылғы 26 тамыз	2030 жылғы 26 тамыз	10.75%	30,496,202	30,496,202	31,582,622	31,583,999
Тиянақталған кіріспен облигациялар (4-ші облигациялық бағдарламаның 9-шы шығарылымы)	2021 жылғы 21 желтоқсан	2031 жылғы 21 желтоқсан	11.50%	30,000,000	30,000,000	31,820,833	30,095,834
Тиянақталған кіріспен облигациялар (3-ші облигациялық бағдарламаның 4-ші шығарылымы)	2021 жылғы 27 мамыр	2026 жылғы 27 мамыр	11.50%	9,350,000	9,350,000	9,451,552	9,451,551
Бизнесі біріктіру нәтижесінде танылған тиянақталған кіріспен облигациялар (1-ші облигациялық бағдарламаның 1-ші шығарылымы)	2014 жылғы 30 желтоқсан	2026 жылғы 30 наурыз	10.07%	5,189,000	5,189,000	5,450,266	5,189,000
Тиянақталған кіріспен облигациялар (3-ші облигациялық бағдарламаның 2-ші шығарылымы)	2016 жылғы 22 желтоқсан	2026 жылғы 22 маусым	14.00%	5,000,000	5,000,000	5,366,910	5,016,674
Тиянақталған кіріспен облигациялар (4-ші облигациялық бағдарламаның 7-ші шығарылымы)	2021 жылғы 27 қазан	2031 жылғы 27 қазан	7.10%	5,000,000	5,000,000	3,909,282	3,821,911
Бизнесі біріктіру нәтижесінде танылған тиянақталған кіріспен облигациялар (1-ші облигациялық бағдарламаның 2-ші шығарылымы)	2015 жылғы 21 қазан	2026 жылғы 21 сәуір	10.07%	2,300,000	2,300,000	2,345,035	2,345,035
Тиянақталған кіріспен облигациялар (2-ші облигациялық бағдарламаның 1-ші шығарылымы)	2014 жылғы 20 тамыз	2023 жылғы 20 ақпан	8.50%	–	10,000,000	–	10,298,860
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар				161,810,219	171,810,219	170,157,456	178,599,494

2023 және 2022 жылдар ішінде Қоғам жаңа облигациялық қарыздар тартқан емес.

2023 жылы Қоғам бұрын белгіленген кесте бойынша номиналды құны 10,000,000 мың теңгені құрайтын 2-ші облигациялық бағдарламаның 1-ші шығарылымының (KZ2C00002731) облигацияларын толық өтеуді жүргізді (2022 жыл ішінде: Қоғам бұрын белгіленген кесте бойынша номиналды құны 17,390,000 мың теңгені құрайтын 2-ші облигациялық бағдарламаның 2-ші шығарылымының облигацияларын өтеуді жүргізді).

16. Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек

	Өтеу жылдары	Жылына номиналды пайыздық мөлшерлеме, %	Валюта	2023 жылғы	2022 жылғы
				31 желтоқсан	31 желтоқсан
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы қарыздар	2024–2033 жылдар	0.01%	Теңге	187,590,651	182,541,555
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы қарыздар	2027–2028 жылдар	1.00%	Теңге	933,695	308,887
				188,524,346	182,850,442

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

2023 жыл ішінде Қоғам 1,500,000 мың теңге сомасын алды. Көрсетілген сомадан 1,000,000 мың теңгесі түпкілікті қарыз алушыларға кредит беру мақсатында тартылды (түпкілікті қарыз алушыларға кредит беру, оның ішінде Атырау облысының стартап-жобаларына кредит беру арқылы ауылдық елді мекендердегі шағын және орта бизнесті қолдау). Сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 1%, өтеу мерзімі - 2028 жылы. Қалған 500,000 мың теңге Ұлытау облысының агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне жаңа ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алуға кредит беру мақсатында тартылды. Сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 0.01%, өтеу мерзімі - 2033 жылы. Алынған барлық қарыздар бойынша Қоғам қаржы жағдайы туралы шоғырландырылмаған есепте тиісті кезеңдерде ішінара пайдаланылған мемлекеттік субсидия бойынша міндеттеме ретінде бастапқы танылған кезде 823,769 мың теңге мөлшеріндегі дисконтты таныды (*19-ескертпе*). Қоғам шарттарда көзделген ақшалай қаражаттың болашақ ағындарын дисконттау жолымен бастапқы тану кезінде жоғарыда көрсетілген қарыздардың әділ құнын бағалау үшін жылдық 14.74% – 15.56% есептік нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қолданды.

2022 жыл ішінде Қоғам ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда бизнес жобаларды іске асыру үшін қатысушыларға микрокредит беру және қатысушыларға микрокредит беру үшін МҚҰ/КС қорландыру мақсатында 006 «Ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда микрокредит беру үшін облыстық бюджеттерге кредит беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша жылдық 0.01% номиналды пайыздық мөлшерлеме бойынша және 7 жылдан кейін өтеу мерзімімен 30,928,726 мың теңге қарыз сомасын алды, сондай-ақ ауылдағы шағын және орта бизнесті қолдау шеңберінде жылдық 1.00% номиналды сыйақы мөлшерлемесімен, 5 жыл мерзімге Атырау облысының әкімдігінен 500,000 мың теңге алды. Алынған барлық қарыздар бойынша Қоғам қаржылық жағдай туралы Шоғырландырылмаған есепте тиісті кезеңдерде ішінара пайдаланылған мемлекеттік субсидия бойынша міндеттеме ретінде бастапқы тану кезінде 18,274,080 мың теңге мөлшерінде дисконтты таныды. Қоғам шарттарда көзделген ақшалай қаражаттың болашақ ағындарын дисконттау жолымен бастапқы тану кезінде жоғарыда көрсетілген қарыздардың әділ құнын бағалау үшін жылдық 14.12% – 15.20% есептік нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қолданды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам кредиторлармен келісімдердің шектеу ковенанттарын сақтауға байланысты талаптарды орындады.

17. Өзге міндеттемелер

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Төлеуге жататын өзге салықтар	151,140	239,097
Басқалары	253,528	246,011
Өзге қаржылық емес міндеттемелердің жиыны	404,668	485,108
Жастарға шағын кредит беру	3,502,034	–
Шартты міндеттемелер бойынша ККЗ арналған резерв (<i>24-ескертпе</i>)	2,024,597	679,282
Кредиторлық берешек	900,643	577,760
Ауылдық ипотека	196,501	3,015,774
Цессия шарттары бойынша берешек	20,385	20,385
БҰҰ - дан алынған қарыздар	6,883	16,061
Басқа да қаржылық міндеттемелердің жиыны	6,651,043	4,309,262
Басқа міндеттемелердің жиыны	7,055,711	4,794,370

Жастарға шағын кредит беру

2022 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі 2022 жылғы 7 ақпандағы № 47 Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Енгізілген өзгерістерге сәйкес агент арқылы жастарға микрокредит берудің жаңа тетігі құрылды – Қоғам. Осы мақсаттар үшін, 2023 жылғы наурызда Қоғам әрбір облыстың мемлекеттік жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаменттері шешім қабылдағаннан кейін жастарды кейіннен бөліп беру үшін 28,980,000 мың теңге алды. Қаржыландырумен жастар арасынан шамамен 5,800 кәсіпкерлік субъектісін қамту жоспарлануда. Микрокредиттерді 2.50% номиналды пайыздық мөлшерлемені және 5-7 жыл кредиттеу мерзімімен 21-35 жас аралығындағы тұлғаларға беру болжанған. Өз кезегінде, Қоғам агенттің көрсеткен қызметтері үшін келісілген комиссиялық пайызды алады. 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезең үшін жастарға микрокредит беру бойынша Қоғамның комиссиялық сыйақысы 219,139 мың теңгені құрады (2022 жыл: жоқ, өйткені Сенім білдірілген агенттің функциясы 2023 жылы қабылданған).

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жастарға микрокредит беру жөніндегі өзге де қаржылық міндеттемелердің шамасы, негізінен, жергілікті атқарушы органдардан алынған, бірақ түпкілікті пайдаланушыларға әлі берілмеген қаражаттың шамасын қамтиды.

Ауылдық ипотека

Қоғам ауылдық жерлерде ипотеканы қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламасында Сенім білдірілген агент қызметін атқарды және клиенттерге берілген кредиттер бойынша берешек сомасының жылдық 2.5% - дан 3.0% - на дейінгі қаражатты басқарғаны үшін комиссия алды. 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Қоғамның ауылдық ипотека бойынша комиссиялық сыйақысы 517,328 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 2,118,776 мың теңге).

2023 жылғы 31 наурызда ауылдық жерлерде ипотеканы қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламасында Сенім білдірілген агенттің функциялары тұрғын үй сертификаттары шеңберінде берілген ипотекалық қарыздар бойынша Сенім білдірілген агенттің функцияларын қоспағанда, «Отбасы банк» АҚ-на берілді.

18. Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар мынадай позицияларды қамтиды:

	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(4,219,277)	(4,418,696)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар - уақыт айырмашылықтарының пайда болуы және азаюы	(7,266,788)	1,850,579
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(11,486,065)	(2,568,117)
	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
Пайда немесе залал туралы шоғырландырылмаған есепте танылған кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы	(7,266,788)	1,850,579
Капиталда танылған кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы	-	-
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығындағы өзгеріс	(7,266,788)	1,850,579

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның корпоративтік табыс салығы бойынша қысқа мерзімді активтері 2,136,597 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 1,816,694 мың теңге сомасындағы активтер). Қоғам үшін корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 2023 және 2022 жылдары 20.0% құрады.

Корпоративті табыс салығының тиімді мөлшерлемесі ресми пайдаға салық салу мөлшерлемесінен өзгеше. Төменде ресми мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды қаржылық есептілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстармен салыстыру келтірілген:

	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда	32,422,719	14,056,288
Корпоративтік табыс салығының ресми мөлшерлемесі	20%	20%
Ресми салық мөлшерлемесі бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша теориялық шығыстар	(6,484,544)	(2,811,258)
Мемлекеттік бағалы қағаздардан салық салынбайтын кіріс	207,005	120,265
Дивидендтер бойынша салық салынбайтын кіріс	2,061,937	-
Шегеруге жатқызылмайтын модификация бойынша шығыстар	(5,968,800)	-
(Кредиттік залалдарды есептеу бойынша шегерілмейтін шығыстар)/ кредиттік залалдар бойынша резервтерді тарату бойынша салық салынбайтын кірістер	(1,055,952)	86,471
Шегеруге жатқызылмайтын шығыстар	(245,711)	36,405
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	(11,486,065)	(2,568,117)

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ олардың тиісті жылдардағы қозғалысы мынадай позицияларды қамтиды:

	<i>Уақыт айырмашылықтарының пайда болуы және азаюы</i>			<i>Уақыт айырмашылықтарының пайда болуы және азаюы</i>		
	<i>Пайда немесе залал туралы шоғырландырылмаған</i>	<i>Капитал құрамында</i>		<i>Пайда немесе залал туралы шоғырландырылмаған</i>		
	<i>2021 жыл</i>	<i>есепте</i>		<i>2022 жыл</i>	<i>есепте</i>	<i>2023 жыл</i>
Шегерілетін уақыт айырмашылықтарының салықтық әсері						
Клиенттерге берілген кредиттер	18,087,022	3,368,338	–	21,455,360	(8,069,032)	13,386,328
Банктерге берілген кредиттер	392,355	(332,715)	–	59,640	85,783	145,423
Басқа активтер	728,962	(84,619)	–	644,343	(60,567)	583,776
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	230,884	30,073	–	260,957	55,161	316,118
Мемлекеттік субсидиялар	6,728,365	196,322	–	6,924,687	(2,998,876)	3,925,811
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	865,519	(97,967)	–	767,552	(96,128)	671,424
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	27,033,107	3,079,432	–	30,112,539	(11,083,659)	19,028,880
Салық салынатын уақыт айырмашылықтарының салықтық әсері						
Акционер алдындағы берешек	(16,561,412)	256,450	–	(16,304,962)	1,204,380	(15,100,582)
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	(16,696,324)	124,666	–	(16,571,658)	3,323,131	(13,248,527)
Үкімет алдындағы берешек	–	(1,850,450)	–	(1,850,450)	(682,710)	(2,533,160)
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(389,822)	240,481	–	(149,341)	(27,930)	(177,271)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	(33,647,558)	(1,228,853)	–	(34,876,411)	3,816,871	(31,059,540)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша таза (міндеттемелер)/активтер	(6,614,451)	1,850,579	–	(4,763,872)	(7,266,788)	(12,030,660)

Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер болашақ салық салынатын пайдаға қол жеткізу ықтималдығы бар көлемде ғана танылады, оның есебіне актив пайдаланылуы мүмкін.

19. Мемлекеттік субсидиялар

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Агробизнесі дамыту бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан және Акционерден қарыз түрінде Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған мемлекеттік субсидиялар	19,629,056	34,623,434
Қарыз алушыларға берілген қарыздар бойынша негізгі соманы және пайыздарды ішінара субсидиялау үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінен алынған мемлекеттік субсидиялар	3,105,769	3,173,708
Мемлекеттік субсидиялар	22,734,825	37,797,142

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен**Үкіметтен алынған мемлекеттік субсидиялар*

Қоғам мемлекеттік субсидиялар ретінде мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан тартылған қарыздар бойынша төмен пайыздық мөлшерлеме арқылы берілген пайда сомасын көрсетті.

	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
1 қаңтарға	34,623,434	33,641,832
Қаржы министрлігінен қарыз түрінде Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған мемлекеттік субсидиялар (14-ескертіне)	27,620,548	14,420,694
Қаржы министрлігінен қарыздарды модификациялау түрінде Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған мемлекеттік субсидиялар (14-ескертіне)	3,061,822	6,910,697
Жергілікті атқарушы органдардан қарыз түрінде Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған мемлекеттік субсидиялар (16-ескертіне)	823,769	18,274,080
Акционерден қарыздар арқылы алынған мемлекеттік субсидиялар (12-ескертіне)	–	4,891,183
Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» (бұдан әрі – «Іскер») шеңберінде қарыз алушыларға кредиттер беру үшін мемлекеттік субсидияны пайдалану (8-ескертіне)	(4,210,928)	(10,911,036)
«Кең-Дала» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде банктерге кредиттер беру үшін мемлекеттік субсидияны пайдалану (7-ескертіне)	(6,765,769)	(3,539,813)
«Кең-Дала» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Қарыз алушы-клиенттерге кредиттер беру үшін мемлекеттік субсидияны пайдалану (8-ескертіне)	(13,431,629)	(9,230,104)
«Жұмыспен қамту 2020-2021 жол картасы» және «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қарыз алушы-клиенттерге кредиттер беру үшін мемлекеттік субсидияны пайдалану (8-ескертіне)	(2,750,618)	(2,833,242)
Холдингтен алынған қарыздар шеңберінде қарыз алушы-клиенттерге кредиттер беру үшін мемлекеттік субсидияны пайдалану (8-ескертіне)	(2,478,012)	(1,651,777)
Құнсызданудан болған шығындарды жабуға мемлекеттік субсидияны пайдалану (8-ескертіне)	–	(8,732,054)
Кезеңдегі амортизация (23-ескертіне)	(16,863,561)	(6,617,026)
Мемлекеттік субсидиялар	19,629,056	34,623,434

Мемлекеттік субсидия бойынша міндеттеме бастапқы танылғаннан кейін, Қоғам мемлекеттік бағдарламалардың талаптары орындалғаннан кейін, қарыз алушыларға берілген жеңілдікті талаптардағы берешек сомасына сәйкес келетін соманы пайда немесе залал құрамына жатқызды (7, 8-ескертілелер). Қоғам кредиттер бойынша төмен сыйақы мөлшерлемесі арқылы түпкілікті қарыз алушыларға пайданы бөлу жөніндегі міндеттемені көтереді.

2023 жыл ішінде пайда немесе залал құрамына аударылған мемлекеттік субсидиялар (23-ескертіне) 46,500,517 мың теңгені құрады және «өзге кірістер/шығыстарға» енгізілген болатын (2022 жыл ішінде: 43,515,052 мың теңге).

Ауыл шаруашылығы министрлігінен алынған мемлекеттік субсидиялар

	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
1 қаңтарға	3,173,708	6,873,178
Кезең ішінде алынды	16,381,165	18,595,885
Ауыл шаруашылығы министрлігіне қайтарылды/ерекше талаптарды орындаған нақты қарыз алушыларға берілді	(6,606,995)	(13,417,800)
Есептелген пайыздар бойынша берешекті және ерекше талаптарды орындаған нақты қарыз алушылардың борышының негізгі сомасын есепке жатқызу жолымен субсидияны пайдалану	(9,842,109)	(8,877,555)
31 желтоқсанға	3,105,769	3,173,708

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

Ауыл шаруашылығы министрлігінен алынған мемлекеттік субсидиялар инвестициялық жобаларға және жаңа немесе бұрын пайдаланылмаған техникалар мен жабдықтарды сатып алуға кредит алған қарыз алушылардың негізгі қарыз сомасы мен пайыздарын ішінара өтеу үшін пайдаланылады. Осы субсидияларды алу үшін қарыз алушылар белгілі бір талаптарды орындауы керек.

20. Меншікті капитал*Акционерлік капитал*

2023 жылғы маусымда Акционердің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 23/23 шешіміне сәйкес 20,000,000 дана мөлшерінде қосымша шығару арқылы Қоғамның жарияланған жай акцияларының саны ұлғайтылды. Осылайша, 2023 жылғы шілдеде Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 10 шілдедегі № 7 шешіміне сәйкес Қоғам Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан мақсатты трансферт есебінен кейіннен лизингке беру үшін ауыл шаруашылығы техникасын, жемшөп дайындау техникасын және ұтқыр суару жүйелерін сатып алуға қаржыландыру үшін кейіннен «ҚазАгроҚаржы» АҚ жарғылық капиталын кейіннен ұлғайта отырып, Акционердің артықшылықты сатып алу құқығын іске асыру жолымен бір жай акция үшін 1 мың теңге орналастыру бағасы бойынша жарияланған акциялар шегінде 20 000 000 жай акция орналастырды.

2022 жылғы маусымда Акционердің 2022 жылғы 8 маусымдағы № 25/22 шешіміне сәйкес 144,964,639 дана мөлшерінде қосымша шығару арқылы Қоғамның жарияланған жай акцияларының саны ұлғайтылды. Акционердің Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 05/22 шешімімен өзіне тиесілі жай акциялардың 100.00%-н «ҚазАгроҚаржы» АҚ-на 147,470,014 мың теңге мөлшерінде Қоғамның акцияларын басымдықпен сатып алу құқығы бар жалғыз Акционерге сату жолымен бір жай акция үшін 1 мың теңге орналастыру бағасы бойынша Қоғамның 147,470,014 дана жай акцияларына төлеу үшін иеліктен шығару жөнінде шешім қабылданды.

«ҚазАгро «Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұрынғы Акционер) Басқармасының 2021 жылғы 4 наурыздағы № 9 шешіміне сәйкес Қоғам бір жай акция үшін 1 мың теңге орналастыру бағасы бойынша 12,633,932 жай акция мөлшерінде акция орналастырды. Акциялар үшін төлем бұрынғы Акционердің мүлкін беру нысанында жүргізілді, бастапқы тану кезінде әділ құны 6,186,092 мың теңге, 6,447,840 мың теңге мөлшеріндегі сома 2021 жылғы қыркүйекте төленбеген капитал сомасы ретінде көрсетілді. Қоғам басшылығы 6,447,840 мың теңге сомасын Қоғамның бөлінбеген пайдасының резерві есебінен акционерлік капиталды төлеу есебіне қалпына келтіру туралы корпоративтік шешім қабылдады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның тіркелген және шығарылған жай акцияларының саны 427,059,079 дананы құрайды, оларды Жалғыз акционер толық төлеген (2022 жылғы 31 желтоқсан: 407,059,079 дана).

Резервтік капитал

2023 жыл ішінде Қоғам резервтік капиталды 5,858,144 мың теңгеге ұлғайтты (2022 жыл ішінде: резервтік капиталды ұлғайту 2,608,512 мың теңгеге өсті). Қоғамның саясатына сәйкес, резервтік капитал болашақ шығындарды және басқа да күтпеген тәуекелдер мен жағдайларды қоса алғанда, жалпы тәуекелдерді жабу үшін қалыптастырылады. Резервтік капитал Акционердің шешімі негізінде бөлінуге жатады.

Дивидендтер

2023 жыл ішінде Акционердің 2023 жылғы 31 мамырдағы шешіміне сәйкес, Қоғам 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы бір жай акцияға 13,677,185 мың теңге немесе 33.60 теңге сомасында дивидендтер жариялады және төледі. Дивидендтер 2023 жылғы 31 шілдеде төленді (2022 жыл ішінде Жалғыз акционердің 2022 жылғы 26 мамырдағы шешіміне сәйкес, Қоғам 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде бір жай акцияға 6,086,528 мың теңге немесе 24.04 теңге сомасында дивидендтер жариялады. Дивидендтер 2022 жылдың 16 маусымында төленді).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

Төменде Қазақстан қор биржасының әдіснамасына сәйкес есептелген бір жай акцияның баланстық құны келтірілген:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Активтер	1,072,750,661	1,013,590,518
Материалдық емес активтерді шегергенде	(462,081)	(530,705)
Міндеттемелерді шегергенд	(641,158,975)	(609,258,301)
Таза активтер	431,129,605	403,801,512
Жай акциялар саны, дана	427,059,079	407,059,079
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	1,009.53	992.00

21. Кредиттік залалдар бойынша шығыстар

Төмендегі кестеде 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы пайда немесе залал туралы шоғырландырылмаған есепте көрсетілген қаржы құралдары бойынша ККЗ бойынша шығыстар келтірілген:

	<i>Ескерт- не</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚКҚ</i>	<i>Жиыны</i>
Ақша қаражаттары және олардың баламалары		935	–	–	–	935
Банктерге берілген кредиттер		(5,869)	–	–	–	(5,869)
Клиенттерге берілген кредиттер	8	673,590	10,470,716	7,909,057	3,908,830	22,962,193
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек		(12,891)	159,748	555,724	–	702,581
Инвестициялық бағалы қағаздар		(4,688)	–	–	–	(4,688)
Өзге қаржылық активтер	11	–	48,083	1,822,131	–	1,870,214
Кредиттер беру бойынша міндеттемелер	24	1,345,315	–	–	–	1,345,315
Кредиттік залалдар бойынша шығыстардың жиыны*		1,996,392	10,678,547	10,286,912	3,908,830	26,870,681

* Кредиттік залалдар бойынша шығыстардың шамасы клиенттерге берілген кредиттердің жалпы баланстық құнының қозғалысы құрамында көрсетілген жалпы сомасы 12,434,672 мың теңгеге модификациядан түскен пайда немесе залал туралы шоғырландырылмаған есепте көрсетілген кредиттік залалдар бойынша шығыстардың жалпы сомасынан ерекшеленеді (8-ескертіпте).

Төмендегі кестеде 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы пайда немесе залал туралы шоғырландырылмаған есепте көрсетілген қаржы құралдары бойынша ККЗ бойынша шығыстар келтірілген:

	<i>Ескерт- не</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚКҚ</i>	<i>Жиыны</i>
Ақша қаражаттары және олардың баламалары		(37)	–	–	–	(37)
Банктерге берілген кредиттер		(11,617)	–	–	–	(11,617)
Клиенттерге берілген кредиттер	8	13,005,510	1,322,978	7,297,574	1,054,900	22,680,962
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек		(36,250)	(170,543)	234,433	–	27,640
Инвестициялық бағалы қағаздар		(1,664)	–	–	–	(1,664)
Өзге қаржылық активтер	11	–	(80,578)	(13,664)	–	(94,242)
Кредиттер беру бойынша міндеттемелер	24	(412,913)	–	–	–	(412,913)
Кредиттік залалдар бойынша шығыстардың жиыны *		12,543,029	1,071,857	7,518,343	1,054,900	22,188,129

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

* Кредиттік залалдар бойынша шығыстардың шамасы клиенттерге берілген кредиттердің жалпы баланстық құнының қозғалысы құрамында көрсетілген жалпы сомасы 9,815,316 мың теңгеге модификациядан түскен пайда немесе залал туралы шоғырландырылмаған есепте көрсетілген кредиттік залалдар бойынша шығыстардың жалпы сомасынан ерекшеленеді (8-ескертпе).

22. Персоналға арналған шығыстар және өзге де әкімшілік шығыстар

Персонал шығыстары және басқа операциялық шығыстар келесі позицияларды қамтиды:

	2023 жыл	2022 жыл
Персоналға арналған шығыстар және өзге де төлемдер	(7,753,350)	(6,369,704)
Әлеуметтік қамсыздандыру шығыстары	(870,472)	(756,814)
Персоналға арналған шығыстар	(8,623,822)	(7,126,518)
Аутсорсинг шығыстары	(1,537,009)	(997,566)
Үй-жайларды күтіп ұстау және жалға беру	(810,986)	(740,739)
Тозу және амортизация	(491,461)	(498,250)
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	(477,704)	(348,588)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге техникалық қызмет көрсету	(298,065)	(229,911)
Іссапар шығыстары	(212,466)	(136,755)
Көрсетілетін көлік қызметтері бойынша шығыстар	(211,352)	(155,331)
Көрсетілетін байланыс қызметтері	(160,901)	(120,492)
Консультациялық шығыстар	(138,969)	(131,214)
Аудитке арналған шығыстар <i>(шолу тексерісін жүргізуді, сондай-ақ қаржылық есептілікті ағылшын тіліне аудару, пішімдеу және шегеру бойынша аудиторлық емес қызметтерді қоса алғанда)</i>	(132,000)	(121,434)
Кеңсе және баспа шығыстары	(121,231)	(59,907)
Маркетинг және жарнама	(110,049)	(110,150)
Персоналды оқыту	(87,194)	(26,362)
Материалдар	(46,621)	(27,614)
Күзет қызметтеріне байланысты шығыстар	(41,675)	(42,202)
Ақпараттық қызметтер	(40,190)	(31,266)
Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар	(20,577)	(34,936)
Банк қызметтері	(13,322)	(16,503)
Сақтандыру шығыстары	(5,314)	(14,697)
Басқалары	(324,171)	(81,159)
Басқа операциялық шығыстар	(5,281,257)	(3,925,076)

оның ішінде:

	2023 жыл	2022 жыл
Жалпы әкімшілік шығыстар	(5,097,013)	(4,322,813)
Іске асыру бойынша шығыстар	(8,808,066)	(6,728,781)
Жиыны	(13,905,079)	(11,051,594)

Консультациялық шығыстардың құрамына Қоғамның аудиторымен байланысты компаниялармен 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде көрсетілген аудиторлық емес қызметтердің құны ҚҚС есепке алғанда, 14,560 мың теңге мөлшерінде енгізілді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен***23. Өзге кірістер, нетто**

	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
Мемлекеттік субсидияларды пайдаланудан түскен өзге кіріс (19-ескертпе)	29,636,956	36,898,026
Мемлекеттік субсидияның амортизациясы (19-ескертпе)	16,863,561	6,617,026
«Кең-Дала» бағдарламасы шеңберінде банктерге берілген кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал (7-ескертпе)	(6,765,769)	(3,539,813)
«Кең-Дала» бағдарламасы шеңберінде клиенттерге берілген кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал (8-ескертпе)	(13,431,629)	(9,230,104)
«Іскер» бағдарламасы шеңберінде клиенттерге берілген кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал (8-ескертпе)	(4,210,928)	(10,911,036)
«Жұмыспен қамту 2020-2021 жол картасы» және «Еңбек» бағдарламалары шеңберінде клиенттерге берілген кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал (8-ескертпе)	(2,750,618)	(2,833,242)
Клиенттерге берілген өзге де кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал (8-ескертпе)	(8,961,245)	(19,661,739)
Холдингтен алынған қарыз шеңберінде клиенттерге берілген кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал (8-ескертпе)	(2,478,012)	(1,651,777)
Ауылдық ипотека бойынша агенттік сыйақы (17-ескертпе)	517,328	2,118,776
Жастарға микрокредит беру бойынша агенттік сыйақы (17-ескертпе)	219,139	–
Өзге кірістер	2,870,616	2,541,730
Өзге кірістер, нетто	11,509,399	347,847

Мемлекеттік субсидияларды пайдаланудан түскен өзге де кірістер тиісті мемлекеттік бағдарламалардың талаптарын орындау нәтижелері бойынша кірістер ретінде танылған болатын (19-ескертпе).

24. Шарттық және шартты міндеттемелер**Салық салу**

Қазақстандық коммерциялық және, атап айтқанда, салық заңнамасында интерпретациясы өзгеріп отыруы мүмкін ережелер бар, жекелеген жағдайларда заңнамаға жанама ретроспективті әсері бар өзгерістер енгізілуі мүмкін. Сонымен қатар, Қоғам басшылығының заңнама ережелерін түсінуі дәл осы ережелерді салық органдарының түсінуінен өзгеше болуы мүмкін, нәтижесінде, Қоғам жүргізген операцияларды салық органдары басқаша бағалауы мүмкін және бұл қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеуге әкелуі мүмкін. Қоғам басшылығы барлық қажетті салық есептеулері жүргізілді және, сәйкесінше, есептілікте қандай да бір резервтер есептелмеген деп санайды. Салық органдары соңғы 5 жылдағы салық салу бойынша деректерді тексере алады. Қоғам басшылығы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, оның заңнаманы түсіндіруі келісті болып табылады және Компанияның салық, валюта және кеден заңнамаларын сақтау жөніндегі ұстанымдары расталатын болады деп есептейді.

Заңгерлік мәселелер

Қалыпты қызметі барысында Қоғам сот талаптары мен шағымдарының объектісі болып табылады. Басшылықтың пікірінше, мұндай талаптардың немесе шағымдардың нәтижесінде туындайтын ықтимал міндеттемелер (олар болған жағдайда) болашақта Қоғамның қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне елеулі теріс әсер етпейді.

Басшылықта қандай да бір елеулі нақты немесе аяқталмаған сот процестері туралы, сондай-ақ Қоғамға қарсы қойылуы мүмкін ықтимал талап-арыздар туралы ақпарат жоқ.

Кредиттік сипаттағы міндеттемелер

Қоғамның шарттық және шартты міндеттемелері мынадай позицияларды қамтиды:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер		
Қарыз беру бойынша міндеттемелер	156,028,243	118,827,146
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(2,024,597)	(679,282)
	154,003,646	118,147,864
Операциялық жалгерлік шарттары бойынша міндеттемелер		
1 жылға дейін	51,919	62,978
Шарттық және шартты міндеттемелер	154,055,565	118,210,842

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен***Кредиттік сипаттағы міндеттемелер**

Жоғарыда көрсетілген жалпы өтелмеген шарттық міндеттемелер міндетті түрде болашақ ақшалай талаптарды білдірмейді, өйткені кредит беру бойынша осы шартты міндеттемелердің мерзімі аяқталуы мүмкін немесе олар орындалмай тоқтатылуы мүмкін.

Қарыз беру жөніндегі міндеттемелер туралы келісім Қоғам үшін қолайсыз жағдайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ кредиттеу үшін ресурстар болмаған жағдайда, Қоғамның келісімнен біржақты тәртіппен шығу құқығын көздейді.

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз беру бойынша міндеттемелер жөніндегі контрагенттер Қоғамның ағымдағы қарыз алушылары, берілген кредиттік рейтингі жоқ, 1-кезеңге жіктелген және есепті күнге негізгі борыш пен пайыздарды төлеу бойынша төлем мерзімі өтпеген агроөнеркәсіптік сектор кәсіпорындары болып табылады.

Төменде ККЗ арналған резерв өзгерістерінің талдауы берілген:

Қарыз беру бойынша міндеттемелер

	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
	<i>1-кезең</i>	<i>1-кезең</i>
1 қаңтарға	679,282	1,092,195
Жыл ішінде ККЗ өзгеруі	1,345,315	(412,913)
31 желтоқсанға	2,024,597	679,282

25. Тәуекелдерді басқару**Кіріспе**

Қоғамның қызметіне тәуекелдер тән. Қоғам тәуекелдерді тұрақты анықтау, бағалау және байқау процесінде, сондай-ақ тәуекел лимиттерін және басқа да ішкі бақылау шараларын белгілеу арқылы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару процесінің Қоғамның тұрақты рентабельділігін сақтау үшін шешуші маңызы бар және Қоғамның әрбір жеке қызметкері өз міндеттеріне байланысты тәуекелдерге жауапты болады. Қоғам кредиттік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекелге ұшырайды. Қоғам, сондай-ақ, операциялық тәуекелдерге де ұшырайды.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау процесі, мысалы, қоршаған ортаның өзгеруі, технологияның немесе саладағы өзгерістер сияқты қызмет жүргізу тәуекелдеріне жатпайды. Мұндай тәуекелдерді Қоғам стратегиялық жоспарлау процесінде бақылап отырады.

Тәуекелдерді бақылау құрылымы

Тәуекелдерді анықтау және оларды бақылау үшін жалпы жауапкершілік Директорлар кеңесіне жүктеледі, алайда, тәуекелдерді басқаруға және бақылауға жауап беретін жеке тәуелсіз органдар да бар.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі жалпы тәуекелдерді басқару тәсіліне, тәуекелдерді басқару стратегиясы мен қағидаттарын бекітуге жауап береді.

Басқарма

Басқарманың міндеті Қоғамдағы тәуекелдерді басқару процесін бақылау болып табылады.

Тәуекелдерді бақылау

Тәуекел-менеджменті департаменті тәуелсіз бақылау процесін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқарумен байланысты рәсімдерді енгізуге және жүргізуге, сондай-ақ Қоғамның тәуекелдерді басқару қағидаттарының, саясатының және тәуекел лимиттерінің сақталуын бақылауға жауап береді. Тәуекел-менеджменті департаментінің құрамына екі құрылымдық бөлімше кіреді: қаржылық тәуекелдер бөлімі және кредиттік тәуекелдер бөлімі.

Қазынашылық департаменті

Қоғамның Қазынашылық департаменті Қоғамның активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ жалпы қаржылық құрылымын басқаруға жауапты. Қазынашылық департаменті өтімділік тәуекелі үшін және Қоғамның қаржыландыру тәуекелі үшін де жауап береді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен**Ішкі аудит қызметі*

Қоғамдағы тәуекелдерді басқару процестерін жыл сайын ішкі аудит қызметі тексереді, ол рәсімдердің жеткіліктілігін де, Қоғамның осы рәсімдерді орындауын да тексереді. Ішкі аудит қызметі басшылықпен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін талқылайды және өзінің қорытындылары мен ұсынымдарын Қоғамның Басқармасы мен Директорлар кеңесіне ұсынады.

Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпаратты беру жүйелері

Қоғамның тәуекелдері әдеттегі қызмет барысында келтірілуі ықтимал күтілетін залал ретінде де, статистикалық модельдер негізінде ең үлкен нақты залалды бағалауды білдіретін күтпеген залал ретінде де көрсететін әдістің көмегімен бағаланады.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді талдау, бақылау және ерте анықтау мақсатында зерттеледі және өңделеді. Көрсетілген ақпарат Басқармаға, Директорлар кеңесіне және Қоғамның әрбір бөлімшесінің басшыларына түсіндірмелермен қоса ұсынылады. Есепте кредиттік тәуекелдің жиынтық мөлшері туралы ақпарат, болжамды кредиттік көрсеткіштер, белгіленген тәуекел лимиттерінен шегіністер, өтімділік көрсеткіштері және тәуекел деңгейіндегі өзгерістер қамтылған. Ай сайын салалар, клиенттер және географиялық аймақтар бойынша тәуекелдер туралы ақпарат беріледі. Қоғамның Директорлар кеңесі тоқсан сайын тәуекелдер туралы егжей-тегжейлі есеп алады, онда Қоғамның тәуекелдерін бағалау және тиісті шешімдер қабылдау үшін барлық қажетті ақпарат болады.

Тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануы

Тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануын болдырмау үшін, Қоғамның саясаты мен рәсімдері әртараптандырылған портфельді сақтауға бағытталған арнайы қағидағарды қамтиды. Белгіленген тәуекелдің шоғырлануын басқару жүзеге асырылады.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел - бұл клиенттердің немесе контрагенттердің келісімшарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан Қоғам шығынға ұшырау тәуекелі. Қоғам жеке контрагенттер бойынша қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ белгіленген тәуекел лимиттерінің сақталуын мониторингілеу арқылы кредиттік тәуекелді басқарады. Осылайша, өзара байланысты компаниялардың бірінде немесе тобында кредиттік тәуекелдің шоғырлануын болдырмау үшін, Қоғамның меншікті капиталының 25.00% аспайтын мөлшерінде лимит белгіленген. Банкаралық операциялар бойынша контрагент банктерге арналған лимиттерді Акционер белгілейді.

Қоғамның жекелеген бөлімшелері жүзеге асыратын қамтамасыз ету мөлшерінің мерзімді қайта қаралуын қоса алғанда, контрагенттердің кредит қабілеттілігіндегі ықтимал өзгерістердің ерте анықталуын қамтамасыз ету үшін, Қоғам кредиттік сапаны тексеру рәсімін әзірледі. Кредиттік сапаны тексеру процедурасы Қоғамға өзі ұшырайтын тәуекелдер бойынша ықтимал шығындардың мөлшерін бағалауға және қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есеп баптарының баланстық құны өзара есеп айырысу туралы бас келісімдерді және қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдалану салдарынан тәуекелдің төмендеу әсерін ескепке алмағанда, осы баптар бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшерін неғұрлым дәл көрсетеді.

Қаржы құралдарының әрбір сыныбы бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері туралы толығырақ ақпарат жеке ескертпелерде берілген.

Құнсыздандуды бағалау

2022 жылы Қоғам клиенттерге берген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдарды есептеу компоненттерін валидациялау және калибрлеу бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижелері бойынша күтілетін кредиттік залалдарды есептеу алгоритмін және оның компоненттерін айқындау тәртібін өзгерткен болатын, атап айтқанда, дефолт тәуекеліне ұшыраған шаманы (EAD), дефолттың басталу ықтималдығын (PD), дефолт (LGD) жағдайындағы залал шамасының коэффициентін бағалауға, сондай-ақ күтілетін кредиттік залалдардың есептік көрсеткіштерін (ECL) анықтауға неғұрлым кешенді тәсіл қолданды).

Қосымша, 2022 жылы Қоғам кепілмен қамтамасыз ету – коммерциялық жылжымайтын мүлікке қатысты нарықтық құнды анықтау тәсілін өзгерту бойынша жұмыс жүргізді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы

мың теңгемен

Бұл өзгерістер клиенттерге берілген жалпы баланстық құны 71,941,719 мың теңге кредиттерді 3-кезеңнен 1-кезеңге, ал жалпы баланстық құны 43,229,060 мың теңге кредиттерді 3-кезеңнен 2-кезеңге ауыстыруға әкелді, сондай-ақ корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер үшін құнсызданудан қалыптасқан залалдардың 33,360,417 мың теңге мөлшерінде ұлғаюына әкелді, оның бір бөлігі меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған есептің құрамында 19,228,881 мың теңге мөлшерінде танылды, өйткені ол негізінен алдыңғы есепті кезеңдерге жатады.

Бағалауды жүзеге асыру әдістемесінің шеңберінде әрбір есепті кезеңнің соңында бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы орын алғанына қатысты қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолттың басталу тәуекелінің өзгерістерін есепке алу жолымен Қоғам өзі берген кредиттерді мынадай топтарға біріктіреді.

Қоғам тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып дисконтталатын ақшалай қаражаттардың күтілетін толық алынбауларын бағалау үшін, ықтималдық ескеріле отырып өлшенген бірнеше сценарийлердің негізінде ККЗ есептейді. Ақшалай қаражаттардың толық алынбауы - бұл шартқа сәйкес ұйымға тиесілі ақша ағындары мен ұйым алынуын күткен ақша ағындарының арасындағы айырмашылық. ККЗ есептеу механикасы төменде сипатталған, ал негізгі элементтер келесідей:

Дефолт ықтималдығы (PD)	<i>Дефолт ықтималдығы</i> - тағайындалған уақыт аралығында дефолттың пайда болу ықтималдығының болжамды бағаламасын білдіреді. Дефолт қарастырылып отырған кезең ішінде белгілі бір уақытта ғана орын алуы мүмкін, егер активті тану тоқтатылмаған болса және ол әлі де портфельдің бөлігі болып табылса.
Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама (EAD)	<i>Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама</i> шартта көзделген немесе өзгелей де борыштың негізгі сомасын және пайыздарды төлеуді, берілген қарыздардың күтілетін өтеулерін және төлемдерді кешіктіру нәтижесінде есептелген пайыздарды қоса алғанда, есепті күннен кейін осы шаманың күтілетін өзгерістерін ескере отырып, болашақта қандай да бір күнге дефолтқа ұшыраған шаманың есептік бағаламасын білдіреді.
Дефолт кезіндегі ысыраптардың денгейі (LGD)	<i>Дефолт кезіндегі ысыраптардың деңгейі</i> белгілі бір уақыт сәтінде дефолт басталған жағдайда туындайтын залалдардың есептік бағалауын білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алынуын, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асыру нәтижесінде алынуын күтетін ақша ағындары арасындағы айырмаға негізделі отырып есептеледі.

ККЗ бойынша бағалау резервігегер бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы орын алса, активтің әрекет ету мерзімі ішінде туындауы күтілетін кредиттік залалдар негізінде есептеледі (барлық мерзімдегі күтілетін кредиттік залалдар немесе барлық мерзімдегі ККЗ), әйтпесе бағалау резерві 12-айлық күтілетін кредиттік залалға (12-айлық ККЗ) тең сомада есептеледі. 12 айлық ККЗ - бұл есепті күннен кейін 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын ККЗ болып табылатын бүкіл мерзімдегі ККЗ бөлігі. Барлық мерзімдегі ККЗ және 12-айлық ККЗ белгіленген маңыздылық шегіне байланысты жекелеген негізде немесе топтық негізде есептеледі.

Қоғам қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолт туындау тәуекелінің өзгерістерін есепке алу жолымен бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болған-болмағанына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңында бағалауды жүзеге асыру үшін әдістеме әзірледі. Жоғарыда сипатталған процесс негізінде Қоғам өзі берген кредиттерді келесі топтарға біріктіреді:

1-кезең:	Кредитті бастапқы тану кезінде Қоғам 12-айлық ККЗ тең сомада бағалау резервін таниды. 1-кезеңге кредиттік тәуекелі 2-кезеңнен ауыстырылған дәрежеге дейін азайған кредиттер мен басқа кредиттік желілер жатады.
2-кезең:	Егер кредит бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайған болса, Қоғам бағалау резервін бүкіл мерзімдегі ККЗ тең сомада таниды. 2-кезеңге де кредиттік тәуекелі 3-кезеңнен ауыстырылған дәрежеге дейін азайған кредиттер мен басқа кредиттік желілер жатады.
3-кезең:	Кредиттік құнсызданған болып табылатын кредиттер. Қоғам бағалау резервін бүкіл мерзім ішіндегі ККЗ тең сомада таниды.
СҚКҚ:	Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СҚКҚ) активтер - бұл бастапқы тану сәтіне кредиттік құнсыздануы болған қаржылық активтер. СҚКҚ бастапқы тану кезінде активтер әділ құн бойынша бағаланады және кейіннен кредиттік тәуекел ескеріле отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып есептелген пайыздық кіріс танылады. ККЗ арналған бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар сомасының кейінгі өзгерісі болған көлемде ғана танылады немесе танылуды тоқтатады.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтің мөлшерін айқындау кезінде Қоғам басшылығы мынадай жорамалдар жасады:

- PD деңгейлері портфель сегментациясына байланысты тиісті пұлдар бойынша анықталады:
 - залалдарға арналған резервтері 12-айлық күтілетін кредиттік залалдар мөлшерінде танылатын заңды тұлғаларға–кредиттік серіктестіктерге берілген кредиттер бойынша PD деңгейі 12.32% (2022 жылғы 31 желтоқсан: 16.40%), кредиттік–құнсызданған болып табылмайтын және залалдарға арналған резервтері толық көлемде танылатын кредиттер бойынша, яғни активтің бүкіл болу мерзіміне 58.64% (2022 жылғы 31 желтоқсан: 59.60%);
 - заңды тұлғаларға инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін берілген, кредиттік–құнсызданған және құнсызданған қаржы активтері болып табылмайтын, жалпы баланстық құны меншікті капиталынан 0.2% кем, залалдарға арналған резервтері 12 айлық күтілетін кредиттік залал мөлшерінде танылатын кредиттер бойынша PD деңгейі 20.69% құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 12.30%), кредиттік–құнсызданған болып табылмайтын және залалдарға арналған резервтері толық көлемде танылатын кредиттер бойынша, яғни активтің бүкіл мерзіміне 77.82% (2022 жылғы 31 желтоқсан: 42.62%);
 - заңды тұлғаларға инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін берілген, кредиттік–құнсызданған және құнсызданған қаржы активтері болып табылмайтын, жалпы баланстық құны меншікті капиталынан 0.2% асатын, залалдарға арналған резервтері 12-айлық күтілетін кредиттік залал мөлшерінде танылатын кредиттер бойынша PD деңгейі 57.94% құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 60.10%), кредиттік–құнсызданған болып табылмайтын және залалдарға арналған резервтері толық көлемде танылатын кредиттер бойынша, яғни активтің бүкіл мерзіміне 78.66% (2022 жылғы 31 желтоқсан: 79.20%);
 - өзге заңды тұлғаларға берілген, залалдарға арналған резервтері 12-айлық күтілетін кредиттік залал мөлшерінде танылатын кредиттер бойынша PD деңгейі 0.66% -57.01% құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 10.30–23.30%), кредиттік–құнсызданған болып табылмайтын және залалдарға арналған резервтері толық көлемде танылған кредиттер бойынша, яғни, активтің бүкіл мерзіміне 54.2%-75.5% (2022 жылғы 31 желтоқсан: 54.50-79.60%);
 - жеке тұлғалар тобына берілген, залалдарға арналған резервтері 12-айлық күтілетін кредиттік залал мөлшерінде танылатын кредиттер бойынша PD деңгейі 6.83% – 20.69% құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 8.60–23.30%), кредиттік–құнсызданған болып табылмайтын және залалдарға арналған резервтері толық көлемде танылған кредиттер бойынша, яғни активтің бүкіл мерзіміне 52.45% - 81.64% (2022 жылғы 31 желтоқсан: 52.60-80.20%).

LGD әрбір қарыз бойынша жекелеген түрде анықталады:

- кредиттік–құнсызданған және құнсызданған қаржылық актив болып табылмайтын, жалпы баланстық құны меншікті капиталының 0.2% кем кредиттер бойынша LGD деңгейі 0.25%-дан 100.00%-ға дейін (2022 жылғы 31 желтоқсан: 0.10-дан 100.00%-ға дейін) құрады. Кредиттік–құнсызданған, жалпы баланстық құны меншікті капиталыны 0.2% жоғары қаржылық активтер бойынша LGD деңгейі 0.45%-дан 100.00%-ға дейін (2022 жылғы 31 желтоқсан: 0.90%-дан 100.00%-ға дейін) құрады;
- кепілдегі мүліктің бастапқы бағаланған құнын төмендету RR(Collateral) есептеу мақсаттары үшін қолданылатын қамтамасыз етудің өтімділік коэффициенттеріне және іске асырудың болжамды мерзімдеріне жүргізіледі. Жалпы баланстық құны 0.2% - дан асатын кредиттік–құнсызданған қаржылық активтер бойынша кепілмен қамтамасыз етуді өткізудің орташа мерзімі кепіл түріне байланысты 0.40–1.00 (2022 жылғы 31 желтоқсан: 0.50–1.00) шегінде өтімділік коэффициенттері 24 ай деңгейінде белгіленеді. Жалпы баланстық құны меншікті капиталдың 0.2% - нан кем кредиттік–құнсызданған және құнсызданған қаржылық активтер болып табылмайтын кредиттер бойынша кепілмен қамтамасыз етуді іске асырудың орташа мерзімі 20–дан 31 айға дейін, өтімділік коэффициенттері кепіл түріне байланысты 0.4–1.00 (2022 жылғы 31 желтоқсан: 0.5-1.00) шегінде айқындалды;
- болашақта түсетін салықтар, сондай-ақ есепті жыл ішінде қайта бағаланбаған кепілдер және 6 жылдан астам уақыт мерзімі өткен берешегі бар кепілдер түріндегі мүлікті кепіл массасынан алып тастау;

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

- жыл сайын бағалау құнының 10% жеңілдетілген нормасы бойынша жылжымалы мүліктің амортизациясы қолданылды;
- шектеу факторларына байланысты кепіл мүлкін өндіріп алу мүмкін ықтималдығы (меншік құқығын үшінші тұлғаларға беру және басқа факторлар) және (немесе) өндіріп алу айналысы қолданылғаннан кейін кепіл мүлкін сату мүмкін ықтималдығы (кепіл мүлкінің қолайсыз сипаттамалары және басқа факторлар), *write-off* коэффициенті ескерілді.

Дефолт пен сауығуды анықтау

Қоғам қаржы құралы бойынша дефолт орын алды деп есептейді, демек, кредиттер бойынша құнсыздандудың немесе дефолттың объективті растамасы болып табылатын бір немесе бірнеше оқиғалардың болуы бағаланатын жағдайларда ККЗ есептеу мақсаттарында оны 3-кезеңге (кредиттік-құнсызданған активтер) жатқызады.

Дефолт - бұл 60 күнтізбелік күннен артық мерзімі өткен берешектің болуы немесе төленуінің екіталай екенін көрсетуі мүмкін, клиент бойынша дефолттың болуын сапалы бағалау шеңберінде бір немесе одан да көп жағдайлардың болуы. Мұндай оқиғалар орын алған жағдайда, Қоғам мұндай оқиға дефолтқа әкеле ме, жоқ па, ККЗ есептеу мақсатында ККЗ-ды 3-кезеңге жатқызу керек пе, әлде 2-кезең қолайлы бола ма, соны мұқият талдайды. Мұндай оқиғаларға мыналар жатады:

- 60 күннен артық мерзімі өткен берешектің және кросс-дефолттың болуы;
- соңғы он екі айда бір немесе одан да көп рет мәжбүрлі қайта құрылымдаудың болуы;
- сот тәртібімен мәжбүрлеп өндіріп алу немесе банкроттық іс жүргізу;
- контрагенттің елеулі қаржылық қиындықтары немесе қарыз алушының табыс деңгейінің немесе төлем қабілеттілігінің айтарлықтай нашарлауы туралы негізделген және расталатын ақпараттың болуы;
- Қоғамның қолданыстағы Провизияларын есептеу әдістемесі шеңберінде айқындалған құнсыздандудың және дефолттың өзге де белгілері.

Қоғамның саясатына сәйкес, дефолттың басталу өлшемшарттарының ешқайсысы есепті күнге байқалмаған кезде, сондай-ақ Қоғамның Провизияларды есептеу әдістемесі шеңберінде белгіленген қайта жіктеу шарттарын орындау кезінде қаржы құралдары 3-кезеңнен ауыстырылады. Активті 2-кезеңге немесе 1-кезеңге жатқызған жөн бе деген пікірге қатысты шешім бастапқы танылған сәттен бастап есепті күнге кредиттік тәуекелдің ұлғаю белгілерінің болуына, сондай-ақ Қоғамның Провизияларды есептеу әдістемесі шеңберінде белгіленген қайта сыныптау шарттарының орындалуына байланысты, атап айтқанда: кредиттік-құнсызданған қаржылық актив контрагент кемінде 12 ай кезеңдегі берешекті өтеген жағдайда, кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю белгісі бар қаржылық активтер санатына ауысады. Бұл қаржылық активтің жалпы баланстық құнының күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтерді қалыптастыру күніне және Провизияларды есептеу әдістемесінде белгіленген қаржылық активтің құнсыздану белгілерінің негізінде құнсыздандудың объективті растамасы болып табылатын оқиғаларды бағалау күніне болмаған жағдайда, қаржылық активтің кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер санатына ауысу сәтіндегі берешек сомасына тең немесе одан төмен деңгейге дейін төмендеуіне әкеледі. Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаю белгілері бар қаржылық актив күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтері контрагент берешекті өтеген жағдайда, он екі айлық күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада қалыптастырылатын қаржылық активтер санатына ауысады, бұл резервтерді қалыптастыру күніне қаржылық активтің жалпы баланстық құнының қаржылық активтің кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаю және күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтерді қалыптастыру күніне кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюының болмау белгілері бар қаржылық активтер санатына ауысу сәтіне берешек сомасына тең немесе одан төмен деңгейге дейін төмендеуіне әкеп соғады..

Осылайша, құнсыздану кезеңдері арасындағы қарыздың ауысуының (қайта жіктелуінің) негізгі шарттары мынадай шарттардың бірін немесе бірнешеуін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы байқалмайтын мәжбүрлі қайта құрылымдау ұсынылған күннен бастап кезең кемінде 12 айды құрайды. Ұжымдық негізде бағаланатын жеке тұлғаларға берілген қарыздар бойынша жетінші төлемнен бастап төлем мерзімін өткізіп алуға шығу динамикасының тұрақтанғанын куәландыратын жеке тұлғаларға берілген қайта құрылымдалған қарыздарды өтеудің тарихи статистикасы болған кезде кемінде 6 ай кезең пайдаланылуы мүмкін. Құнсыздандудың объективті растамасы болып табылатын өзге де оқиғалар бойынша - кредиттік құнсыздану сатысының нашарлауына әкеп соққан осы оқиға жойылған сәттен бастап;
- қарыз алушы кредиттік құнсыздандудан кейін енгізген төлемдердің жалпы сомасы бұрын мерзімі өткен берешектің мөлшерінен артық немесе оған тең.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен**Қазынашылық және банкаралық қатынастар*

Қоғамның қазынашылық және банкаралық қатынастарына үш халықаралық рейтингтік агенттіктің (Fitch Ratings, Moody' s Investors Service, S&P Global Ratings) кем дегенде біреуімен сыртқы кредиттік рейтингтер берілетін ЕДБ кепілдігімен берілетін қарыздарды қоса алғанда, екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) қатынастары жатады. Контрагенттермен банкаралық мәмілелерді бағалау үшін, Қоғам әрбір контрагентті жеке бағалайды. Халықаралық рейтингтік агенттіктер немесе басқа да қолжетімді көздер ұсынған сыртқы рейтингі бар контрагенттер үшін Қоғам Moody ' s Investors Service (корпоративтік рейтингтер) кестесіне сәйкес дефолт ықтималдығын бағалауды қолданады.

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит берілген жағдайда, провизияларды есептеу процесіне қатысатын Қоғамның құрылымдық бөлімшелері кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю белгілерінің болуын, сондай-ақ қарыздың құнсыздануын/дефолтын айқындау бойынша жұмыс жүргізеді. Кредиттік тәуекелді бағалау келесідей әртүрлі тарихи, ағымдағы және болжамды ақпаратқа негізделген:

- Тарихи қаржылық ақпарат, клиенттер бөлінісінде дайындалған болжамдар мен жоспарлармен бірге. Мұндай қаржылық ақпарат алынған және күтілетін нәтижелер туралы деректерді, төлем қабілеттілігі коэффициенттерін, өтімділік коэффициенттерін және клиенттің қаржылық нәтижелерін бағалауға орынды кез келген басқа коэффициенттерді қамтиды.
- Макроэкономикалық ақпарат.
- Ұйымның нәтижелерін анықтауға орынды басқару сапасы мен клиенттің мүмкіндіктері туралы басқа негізделген және расталған ақпарат.

Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама

Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама (EAD) құнсыздану мәніне бағалануға жататын қаржы құралдарының жалпы баланстық құнын білдіреді және клиенттің дефолтқа жақындаған кезде берешегін ұлғайту қабілетін де, оны мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін де көрсетеді.

Дефолт болған жағдайда шығын

Дефолт (LGD) жағдайында залалды анықтау үшін, Қоғам қарыз алушының дефолттан кейінгі ақшалай қайтарыстарын (дефолттан кейінгі өтеу коэффициенті – RR (Cash)) және кредит бойынша кепілмен қамтамасыз етуді ескереді. RR (Cash) көрсеткіші тоқсанына бір рет бағаланады. Кепілмен қамтамасыз ету құны Қоғамның кепілді мүлкін қайта бағалау кестесі бойынша бекітілген мерзімдер шеңберінде қайта қаралады.

Ақша ағындарын айқындау шеңберінде дефолт қарыздар бойынша ай сайынғы ақшалай қаражаттармен өтеулер (кепіл мүлкін өткізу сомасын қоспағанда) талданады, кемінде соңғы 5 жыл ішіндегі және бес жылдағы ай сайынғы жиынтық RR(Cash) есептеледі.

Кепіл мүлкі есебінен өтеу коэффициентін бағалау үшін (RR (Collateral)i) бағалау күнінен бастап болжамды өткізу күніне дейінгі мерзімге дисконтталған өтімділік коэффициенттері ескеріле отырып, кепілмен қамтамасыз етудің әділ құны ескеріледі. Сондай-ақ, LGD бағалау кезінде Қоғам коэффициентті (p–write off)–шектеуші факторларға байланысты кепіл мүлкін өндіріп алу мүмкінсіздігінің ықтималдылығын және (немесе) өндіріп алғаннан кейін кепіл мүлкін сату мүмкінсіздігінің ықтималдылығын ескереді.

Кредиттік тәуекелді бағалау LGD бағалаудың стандартты моделіне негізделген, нәтижесінде, белгілі бір LGD деңгейлері белгіленеді. Бұл LGD деңгейлері ұсталып отырған қамтамасыз етуді сату нәтижесінде қалпына келтірілетіні немесе іске асырылатыны күтілетін соммамен салыстырғанда, EAD болжалды көрсеткішін ескереді ұсталған кепілдікті сату нәтижесінде қалпына келтіріледі немесе іске асырылады деп күтілетін сомалармен салыстырғанда ескереді.

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі

Әрбір есеп беру күніндегі жағдай бойынша Қоғам қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылғаннан бері айтарлықтай өскенін бағалайды. Бағалау жүргізу кезінде Қоғам күтілетін кредиттік залал сомасының өзгеруіне емес, қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі ішінде дефолттың туындау тәуекелінің өзгеруіне бағдарланады. Қоғам есепті күнгі жағдай бойынша қаржы құралы бойынша дефолттың туындау тәуекелін бастапқы тану күніндегі қаржы құралы бойынша дефолттың басталу тәуекелімен салыстырады және тиісті құрал бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын көрсететін шамадан тыс шығындарсыз немесе күш жұмсаусыз қолжетімді негізделген және расталатын ақпаратты талдайды.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

Егер негізделген және расталған болжамды ақпарат шамадан тыс шығындарсыз немесе күш жұмсаусыз қол жетімді болса, Қоғам кредиттік тәуекелдің бастапқы танылғаннан бері айтарлықтай өскенін анықтау кезінде мерзімі өткен төлемдер туралы ақпаратқа ғана сенбейді. Алайда, мұндай ақпаратқа қол жетпеген кезде, Қоғам актив бастапқы танылған сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғайғанын анықтау кезінде мерзімі өткен төлемдер туралы және қарыз алушының қарызын қайта құрылымдаудың болуы туралы ақпаратты пайдаланады.

Бағалауы топтық негізде жүзеге асырылатын қаржылық активтерді топтастыру

Төменде көрсетілген факторларға байланысты Қоғам ККЗ-ды не жеке негізде, не топтық негізде есептейді.

Қоғам ККЗ жеке негізде есептейтін активтер қатарына мыналар кіреді:

- қаржылық есептілік деректеріне сәйкес, алдыңғы есепті күндегі меншікті капитал мөлшерінің 0.2% жоғары жалпы берешегі бар құнсыздану және/немесе дефолт белгілері бар барлық қаржылық активтер;
- қазынашылық және банкаралық қатынастар (мысалы, банктердегі қаражат, ақша қаражаттарының баламалары және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар);
- қарызды қайта құрылымдау нәтижесінде бастапқы қарызды тану және жаңа қарызды тану тоқтатылған кезде СҚКҚ ретінде жіктелген қаржылық активтер.

Қоғам ККЗ-ды қаржылық есептілік деректеріне сәйкес, алдыңғы есепті күнге құнсыздану/дефолт белгілері жоқ және/немесе меншікті капиталының 0.2% кем берешегі бар қаржылық активтер бойынша ұжымдық негізде есептейді. Бағалауды ұжымдық негізде жүзеге асыру кезінде ұжымдық талдау үшін ұқсас тәуекел сипаттамалары бар кредиттерді сегменттеу жүргізіледі. Ұжымдық негізде бағаланатын активтер бойынша ККЗ есептеу әрбір сегмент бойынша жекелеген түрде жүзеге асырылады.

Болжалды ақпарат және көпмөлшерлі экономикалық сценарийлер

Өзінің ККЗ есептеу модельдерінде Қоғам бастапқы экономикалық деректер ретінде ЖІӨ өсу қарқыны туралы макроэкономикалық болжамды ақпаратты пайдаланады.

Макроэкономикалық факторды таңдау оның көптеген басқа факторлардың әсерін көрсететін экономикалық мағынадағы ең жалпы (кең) көрсеткіштердің бірі екендігіне байланысты.

Болжамды ақпарат алу үшін Қоғам сыртқы көздерден (тиісті мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты және басқа да сыртқы ақпараттық көздер) деректерді пайдаланады. Төмендегі кестеде әрбір экономикалық сценарийде ККЗ бағалау үшін әрбір экономикалық сценарийде қолданылатын болжамды экономикалық ауыспалы/жорамалдардың мәндері көрсетілген:

<i>Негізгі факторлар</i>	<i>ККЗ сценарийі</i>	<i>Берілген ықтималдық, %</i>	<i>2024 жыл, %</i>
ЖІӨ өсуі	Оптимистік	10%	1.33
	Негізгі	70%	0.33
	Пессимистік	20%	0.67

Қоғамның қаржылық активтері мен міндеттемелері Қазақстан Республикасында шоғырланады.

Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару

Өтімділік тәуекелі - бұл әдеттегі немесе күтпеген жағдайларда өтеу мерзімі келгенде Қоғам төлемдер бойынша өз міндеттемелерін орындай алмау тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында Қоғам басшылығы түрлі қаржыландыру көздерінің қолжетімділігін қамтамасыз етті. Басшылық, сонымен қатар, өтімділікті ескере отырып, активтерді басқаруды және болашақ ақша ағындары мен өтімділіктің күнделікті мониторингін жүзеге асырып отырады. Бұл процесс күтілетін ақша ағындарын бағалауды және қажет болған жағдайда, қосымша қаржыландыру алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары сапалы қамтамасыз етуді қамтиды.

Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелерді талдау

Төмендегі кестеде өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлінісінде 2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның қаржылық міндеттемелері көрсетілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

2023 жылғы 31 желтоқсанға	<i>Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз</i>	<i>1 айдан 3 айға дейін</i>	<i>3 айдан 6 айға дейін</i>	<i>6 айдан 12 айға дейін</i>	<i>1 жылдан артық</i>	<i>Жиыны</i>
Туынды емес қаржылық міндеттемелер:						
ҚР Үкіметінен алынған қарыздар	500	1,000	1,500	90,013,475	–	90,016,475
Бас компаниядан алынған қарыздар	49,681	1,204,463	744,794	15,050,686	154,734,034	171,783,658
Банктерден және басқа қаржы институттарынан алынған қарыздар мен қаражат	–	3,474,805	12,291,711	23,534,668	78,727,648	118,028,832
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан алынған қарыздар	–	5,837,561	22,732,459	7,446,789	218,890,559	254,907,368
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	1,639,171	7,736,479	9,730,650	257,146,486	276,252,786
Мемлекеттік субсидиялар	–	–	–	3,105,769	–	3,105,769
Басқа қаржылық міндеттемелер	4,422,390	83,086	39,807	149,346	1,956,414	6,651,043
Міндеттемелер жиыны	4,472,571	12,240,086	43,546,750	149,031,383	711,455,141	920,745,931

2022 жылғы 31 желтоқсанға	<i>Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз</i>	<i>1 айдан 3 айға дейін</i>	<i>3 айдан 6 айға дейін</i>	<i>6 айдан 12 айға дейін</i>	<i>1 жылдан артық</i>	<i>Жиыны</i>
Туынды емес қаржылық міндеттемелер:						
ҚР Үкіметінен алынған қарыздар	986	3,250	3,250	69,999,125	–	70,006,611
Бас компаниядан алынған қарыздар	60,958	1,215,477	399,799	14,360,069	171,783,658	187,819,961
Банктерден және басқа қаржы институттарынан алынған қарыздар мен қаражат	8,335,071	1,880,000	1,820,000	11,660,000	46,580,000	70,275,071
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан алынған қарыздар	1,000	4,888,766	3,809,361	3,139,528	254,013,032	265,851,687
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	12,064,171	6,976,399	8,970,569	271,692,306	299,703,445
Мемлекеттік субсидиялар	–	–	–	3,173,708	–	3,173,708
Басқа қаржылық міндеттемелер	3,548,036	13,632	38,470	68,552	640,572	4,309,262
Міндеттемелер жиыны	11,946,051	20,065,296	13,047,279	111,371,551	744,709,568	901,139,745

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

Төмендегі кестеде Қоғамның кредиттік сипаттағы шартты және шарттық міндеттемелерінің қолданылу шарттық мерзімдері көрсетілген. Кредит беру бойынша барлық орындалмаған міндеттемелер клиент оны орындауды талап ете алатын ең ерте күнді қамтитын уақыт кезеңіне енгізіледі.

	<i>1 жылдан</i>				<i>Жиыны</i>
	<i>3 айдан аз</i>	<i>3 айдан 12 айға дейін</i>	<i>5 жылға дейін</i>	<i>5 жылдан артық</i>	
2023 жыл	156,028,243	–	–	–	156,028,243
2022 жыл	118,827,146	–	–	–	118,827,146

Қоғам кредиттік сипаттағы барлық шарттық міндеттемелерді олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін орындау талап етілмейді деп күтеді.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны пайыздық мөлшерлемелер және валюта бағамдары сияқты нарықтық параметрлердегі өзгерістердің салдарынан өзгеріп отыратын тәуекел.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер болашақ ақша ағындарына немесе қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін болғандықтан туындайды. Қоғамның активтері мен міндеттемелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер тиянақталған болып табылады.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел - бұл қаржы құралының құны валюта бағамдарының өзгеруіне байланысты өзгеріп отыратын тәуекел.

Қоғамның барлық активтері мен міндеттемелері теңгемен номиналданғандықтан, Қоғам валюталық тәуекелге ұшырамайды.

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел - бұл жүйенің істен шығуынан, қызметкерлердің қателесуінен, алаяқтыққа немесе сыртқы оқиғаларға байланысты туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмысын тоқтатқан кезде операциялық тәуекелдер беделге нұқсан келтіруі, құқықтық салдарға ұшыратуы немесе қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін. Қоғам барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесі арқылы және бақылау және ықтимал тәуекелдерге тиісті жауап беру арқылы Қоғам мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттердің тиімді бөлінуін, қол жеткізу құқықтарын, бекіту және салыстыру рәсімдерін, персоналды оқытуды, сондай-ақ ішкі аудитті қоса алғанда, бағалау рәсімдерін көздейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы**

мың теңгемен

26. Қаржылық қызметке жататын міндеттемелердегі өзгерістер

	<i>Акционер алдындағы берешек</i>	<i>Кредиттік ұйымдардың қаражаты</i>	<i>Шығарылған борыштық бағалы қағаздар</i>	<i>Қазақстан Республикасының Үкіметі алдындағы берешек</i>	<i>Мемлекетті к және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек</i>	<i>Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелердің жиыны</i>
2022 жылғы 1 қаңтардағы						
баланстық құн	94,260,422	–	196,654,238	–	166,814,395	457,729,055
Түсімдер	8,300,000	48,277,000	–	140,000,000	31,428,726	228,005,726
Өтеу	(14,392,846)	–	(17,390,000)*	(70,000,000)	(16,021,061)	(117,803,907)
Жарияланған дивидендтер	6,086,528	–	–	–	–	6,086,528
Дивидендтер төлеу	(6,086,528)	–	–	–	–	(6,086,528)
Әділ құн бойынша міндеттемелерді бастапқы тану кезіндегі дисконт/сыйлықақы	(4,891,183)	40,817	–	(21,331,391)	(18,274,080)	(44,455,837)
Басқалар	6,141,103	566,220	(664,744)	12,079,264	18,902,462	37,024,305
2022 жылғы 31 желтоқсандағы	89,417,496	48,884,037	178,599,494	60,747,873	182,850,442	560,499,342
2023 жылғы 1 қаңтардағы						
баланстық құн	89,417,496	48,884,037	178,599,494	60,747,873	182,850,442	560,499,342
Түсімдер	–	55,967,000	–	140,000,000	1,500,000	197,467,000
Өтеу	(14,314,148)	(24,244,000)	(10,000,000)	(120,000,000)	(12,442,228)	(181,000,376)
Жарияланған дивидендтер	13,677,185	–	–	–	–	13,677,185
Дивидендтер төлеу	(13,677,185)	–	–	–	–	(13,677,185)
Әділ құн бойынша міндеттемелерді бастапқы тану кезіндегі немесе бастапқы келісімшарттық шарттарды модификациялау нәтижесінде танылған дисконт/сыйлықақы	–	–	–	(30,682,370)	(823,769)	(31,506,139)
Басқалар	5,989,664	(104,215)	1,557,962	27,275,295	17,439,901	52,158,607
2023 жылғы 31 желтоқсандағы	81,093,012	80,502,822	170,157,456	77,340,798	188,524,346	597,618,434

*2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есепте шығарылған бағалы қағаздарды өтеу құрамында 3–ші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың 1–ші шығарылымы шеңберінде шығарылған бағалы қағаздардың негізгі борышы бойынша берешек болып табылатын 22,940,000 мың теңгені өтеу көрсетілген, АГККб6, NIN KZ2C00003507 2021 жылғы 30 желтоқсанда өтелу күнімен, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа міндеттемелердің құрамына қайта жіктелген.

«Басқалары» бабы кезең ішіндегі дисконттың/сыйлықақының амортизациясынан басқа, қаржылық қызметке жататын міндеттемелер бойынша есептелген, бірақ әлі төленбеген пайыздардың нәтижесін көрсетеді. Қоғам төленген пайыздарды операциялық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде жіктейді.

27. Қаржы құралдарының әділ құны

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте әділ құны бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде төменде сипатталған әділ құн иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей: белсенді нарықтардағы бірдей активтер мен міндеттемелерге баға белгіленетін (түзетілмеген) бағалар;

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

- 2-деңгей: бүкіл бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер не тікелей, не жанама қадағаланатын болып табылатын бағалау әдістері;
- 3-деңгей: бүкіл бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер қадағаланатын нарықтық деректерге негізделмеген бағалау әдістері.

Келесі кестеде әділ құны әділ құн көздерінің иерархиясы деңгейлері бөлінісінде ашылатын қаржы құралдарының талдауы келтірілген:

	<i>Бағалау күні</i>	<i>Мыналарды пайдалана отырып, әділ құнды бағалау</i>			<i>Жиыны</i>
		<i>1-деңгейдің бастапқы деректері</i>	<i>2-деңгейдің бастапқы деректері</i>	<i>3-деңгейдің бастапқы деректері</i>	
2023 жылғы 31 желтоқсанда					
Әділ құны ашылатын активтер					
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	125,187,941	–	125,187,941
Банктерге берілген кредиттер	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	28,863,808	–	28,863,808
Клиенттерге берілген кредиттер	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	537,009,711	115,741,806	652,751,517
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	2,205,942	5,811,044	8,016,986
Өзге қаржылық активтер	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	6,020,366	–	6,020,366
Әділ құны ашылатын міндеттемелер					
Акционер алдындағы берешек	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	66,367,444	–	66,367,444
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	80,502,822	–	80,502,822
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	170,268,015	–	170,268,015
Үкімет алдындағы берешек	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	78,590,490	–	78,590,490
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	151,178,003	–	151,178,003
Өзге қаржылық міндеттемелер	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	6,651,043	–	6,651,043
2022 жылғы 31 желтоқсанда					
Әділ құны ашылатын активтер					
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	107,720,283	–	107,720,283
Банктерге берілген кредиттер	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	10,062,366	–	10,062,366
Клиенттерге берілген кредиттер	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	530,922,503	94,189,814	625,112,317
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	2,884,517	5,881,052	8,765,569
Инвестициялық бағалы қағаздар	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	564,492	–	564,492
Өзге қаржылық активтер	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	5,554,098	–	5,554,098
Әділ құны ашылатын міндеттемелер					
Акционер алдындағы берешек	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	69,952,622	–	69,952,622
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	50,311,897	–	50,311,897
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	152,810,376	–	152,810,376
Үкімет алдындағы берешек	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	60,336,768	–	60,336,768
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	151,377,550	–	151,377,550
Өзге қаржылық міндеттемелер	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	4,309,262	–	4,309,262

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылмаған есепте әділ құны бойынша бааланбайтын қаржы құралдары

Төменде шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте көрсетілген Компанияның қаржы құралдарының баланстық және әділ құнын салыстыру келтірілген. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құны көрсетілмеген.

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>		
	<i>Баланстық құн</i>	<i>Әділ құн</i>	<i>Танылмаған (залал)/пайда</i>
Қаржылық активтер			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	125,187,941	125,187,941	–
Банктерге берілген кредиттер	29,575,908	28,863,808	(712,100)
Клиенттерге берілген кредиттер	726,810,986	652,751,517	(74,059,469)
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	9,040,648	8,016,986	(1,023,662)
Өзге қаржылық активтер	6,020,366	6,020,366	–
Қаржылық міндеттемелер			
Акционер алдындағы берешек	81,093,012	66,367,444	14,725,568
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	80,502,822	80,502,822	–
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	188,524,346	170,268,015	18,256,331
Үкімет алдындағы берешек	77,340,798	78,590,490	(1,249,692)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	170,157,456	151,178,003	18,979,453
Өзге қаржылық міндеттемелер	6,651,043	6,651,043	–
Іске асырылмаған әділ құндағы танылмаған өзгерістердің жиыны			(25,083,571)

	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>		
	<i>Баланстық құн</i>	<i>Әділ құн</i>	<i>Танылмаған (залал)/пайда</i>
Қаржылық активтер			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	107,720,283	107,720,283	–
Банктерге берілген кредиттер	10,456,354	10,062,366	(393,988)
Клиенттерге берілген кредиттер	722,917,368	625,112,317	(97,805,051)
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	10,205,360	8,765,569	(1,439,791)
Инвестициялық бағалы қағаздар	592,637	564,492	(28,145)
Өзге қаржылық активтер	5,554,098	5,554,098	–
Қаржылық міндеттемелер			
Акционер алдындағы берешек	89,417,496	69,952,622	19,464,874
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	48,884,037	50,311,897	(1,427,860)
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	182,850,442	152,810,376	30,040,066
Үкімет алдындағы берешек	60,747,873	60,336,768	411,105
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	178,599,494	151,377,550	27,221,944
Өзге қаржылық міндеттемелер	4,309,262	4,309,262	–
Іске асырылмаған әділ құндағы танылмаған өзгерістердің жиыны			(23,956,846)

Бұдан әрі әділ құн бойынша осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте көрсетілмеген қаржы құралдарының әділ құнын айқындау кезінде пайдаланылған әдістемелер мен жорамалдар сипатталған.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы**

мың теңгемен

Әділ құны шамамен олардың ағымдағы құнына тең активтер

Өтімді немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан аз) қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер жағдайында, олардың ағымдағы құны шамамен әділ құнға тең болатынына жол беріледі. Бұл рұқсат талап етілгенге дейінгі салымдарға, белгіленген өтеу мерзімі жоқ жинақ шоттарына да қолданылады.

Тиянақталған мөлшерлемелен қаржы құралдары

Биржада бағаланатын борыштық құралдар жағдайында әділ құн жарияланған нарықтық бағаларға негізделеді. Бағаланбайтын борыштық құралдар жағдайында ұқсас шарттар мен кредиттік тәуекелі бар борыштық құралдар үшін өтеуге дейінгі қалған уақыт кезеңін ескере отырып, ағымдағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының моделі қолданылады.

Банктер берген кредиттер, клиенттерге берілген кредиттер бойынша болашақ ақша ағындары ҚРҰБ жариялаған статистикалық деректер негізінде ұқсас өтеу мерзімімен қаржы құралдарының орташа нарықтық мөлшерлемесін пайдаланыла отырып дисконтталады. Бұл тәсіл клиенттерге берілген кредиттердің әділ құнын бағалау үшін қолданылды. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша орташа нарықтық мөлшерлеме жылдық 19.70%-дан 23.20%—ға дейін (2022 жылғы 31 желтоқсан - жылдық 15.40-21.90%) құрады.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте әділ құны ашылатын міндеттемелер бойынша, болашақ ақша ағындары Қазақстандық қор биржасының кірістілік қисығы және Bloomberg жариялаған өтеу мерзіміне түзетілген Компанияның рейтингі үшін кредиттік спрэд сияқты барлық қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, капиталды ұлғайту моделін қолдана отырып есептелген нарықтық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тартылған қарыздардың әділ құнын бағалау үшін пайдаланылатын нарықтық мөлшерлеме жылдық 14.74–18.25% құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: жылдық 14.12–17.64%). Болашақ ақша ағындарына негізгі борышқа қолданылатын шарт бойынша пайыздық мөлшерлемелен есептелген негізгі қарызды және пайыздарды өтеу кіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен***28. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің талдауы**

Төмендегі кестеде күтілетін өтеу мерзімдері бөлінісінде активтер мен міндеттемелер көрсетілген. Қоғамның өтеу бойынша дисконтталмаған шарттық міндеттемелері туралы ақпарат «Тәуекелдерді басқару» 25-ескертпесінде ашылған.

	Талап етілгенге дейін	1 айдан кем	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Өтеу мерзімінсіз	Барлығы
Активтер								
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	52,710,445	72,477,496	–	–	–	–	–	125,187,941
Кредиттік ұйымдардағы қаражаттар	–	–	29,575,908	–	–	–	–	29,575,908
Клиенттерге берілген кредиттер	42,867,158	8,743,562	36,974,570	143,889,265	350,082,427	144,254,004	–	726,810,986
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	–	137,347	106,080	640,506	4,621,111	3,535,604	–	9,040,648
Сағуға арналған активтер	–	–	–	726,309	–	–	–	726,309
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	–	–	–	–	–	–	167,470,014	167,470,014
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	–	–	–	–	–	–	2,599,511	2,599,511
Негізгі құралдар	–	–	–	–	–	–	1,476,063	1,476,063
Материалдық емес активтер	–	–	–	–	–	–	462,081	462,081
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	–	–	–	2,136,597	–	–	–	2,136,597
Өзге активтер	474,463	137,983	114,651	2,055,476	2,941,785	1,540,245	–	7,264,603
Активтердің жиыны	96,052,066	81,496,388	66,771,209	149,448,153	357,645,323	149,329,853	172,007,669	1,072,750,661
Міндеттемелер								
Акционер алдындағы берешек	–	10,550	400,900	7,628,183	19,031,343	54,022,036	–	81,093,012
ҚР Үкіметі алдындағы берешек	–	430	859	77,339,509	–	–	–	77,340,798
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	–	–	45,944	26,212,157	48,248,203	5,996,518	–	80,502,822
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	–	72,456	772,093	65,283,668	104,029,239	–	170,157,456
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	–	–	4,309,780	22,311,979	131,533,020	30,369,567	–	188,524,346
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	–	–	–	1,719,345	–	–	–	1,719,345
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	–	–	–	–	–	12,030,660	–	12,030,660
Мемлекеттік субсидиялар	–	–	–	3,105,769	–	19,629,056	–	22,734,825
Өзге міндеттемелер	3,782,405	908,308	185,130	223,454	26,790	1,929,624	–	7,055,711
Міндеттемелердің жиыны	3,782,405	919,288	5,015,069	139,312,489	264,123,024	228,006,700	–	641,158,975
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция	92,269,661	80,577,100	61,756,140	10,135,664	93,522,299	(78,676,847)	172,007,669	431,591,686

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

	Талап егілгенге дейін	1 айдан кем	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Өтеу мерзімінсіз	Барлығы
Активтер								
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	38,606,494	69,113,789	–	–	–	–	–	107,720,283
Кредиттік ұйымдардағы қаражаттар	–	127,960	9,527,732	417,214	383,448	–	–	10,456,354
Клиенттерге берілген кредиттер	31,683,009	14,167,360	45,082,213	122,806,712	363,270,744	145,907,330	–	722,917,368
Қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	–	224,202	114,334	760,812	6,474,398	2,631,614	–	10,205,360
Сатуға арналған активтер	–	–	–	1,024,785	–	–	–	1,024,785
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	–	–	–	–	–	–	147,470,014	147,470,014
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар	–	–	10,222	469,645	–	112,770	–	592,637
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	–	–	–	–	–	–	2,899,093	2,899,093
Негізгі құралдар	–	–	–	–	–	–	1,344,905	1,344,905
Материалдық емес активтер	–	–	–	–	–	–	530,705	530,705
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	–	–	–	1,816,694	–	–	–	1,816,694
Өзге активтер	–	625,862	322,177	2,179,079	1,842,509	1,642,693	–	6,612,320
Активтердің жиыны	70,289,503	84,259,173	55,056,678	129,474,941	371,971,099	150,294,407	152,244,717	1,013,590,518
Міндеттемелер								
Акционер алдындағы берешек	–	10,401	416,785	7,508,254	23,326,085	58,155,971	–	89,417,496
ҚР Үкіметі алдындағы берешек	–	434	1,302	60,746,137	–	–	–	60,747,873
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	–	8,585,684	–	8,298,353	32,000,000	–	–	48,884,037
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	–	13,021,257	–	62,741,815	102,836,422	–	178,599,494
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	–	126	613,204	871,267	121,610,220	59,755,625	–	182,850,442
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	–	–	–	1,403,575	–	–	–	1,403,575
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	–	–	–	–	–	4,763,872	–	4,763,872
Мемлекеттік субсидиялар	–	–	–	3,173,708	–	34,623,434	–	37,797,142
Өзге міндеттемелер	3,064,123	723,666	241,749	124,261	47,307	593,264	–	4,794,370
Міндеттемелердің жиыны	3,064,123	9,320,311	14,294,297	82,125,555	239,725,427	260,728,588	–	609,258,301
2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция	67,225,380	74,938,862	40,762,381	47,349,386	132,245,672	(110,434,181)	152,244,717	404,332,217

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен***29. Сегменттік есептілік**

Қоғамның қызметі жоғары дәрежеде интеграцияланған болып табылады және ХҚЕС (IFRS) 8 «Операциялық сегменттер» мақсаттары үшін бірыңғай операциялық сегмент болып табылады. Қоғамның активтері Қазақстан Республикасының аумағында шоғырланған және Қоғам Қазақстан Республикасында жүргізілетін және онымен байланысты операциялардан кіріс алады. Операциялық шешімдерді қабылдауға жауапты тұлға, Қоғам жағдайында бұл Басқарма Төрағасы болып табылады, Қоғам туралы ақпаратты тек тұтастай алады және қарайды.

30. Байланысты тараптармен операциялар

24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» ХБЕС сәйкес тараптардың бірі екінші тарапты бақылауға немесе оның операциялық және қаржылық шешімдеріне айтарлықтай дәрежеде ықпал етуге мүмкіндігі бар болса, олар байланысты тараптар болып саналады. Тараптар байланысты ма, жоқ па деген мәселені шешкен кезде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптар арасындағы өзара қатынастардың мазмұны ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптармен жасалуы мүмкін емес мәмілелерді жасай алады. Мұндай мәмілелердің бағалары мен шарттары байланысты емес тараптар арасындағы мәмілелердің бағалары мен шарттарынан өзгеше болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Акционер арқылы Қоғамның қызметін бақылайды.

Есепті кезеңнің соңындағы байланысты тараптармен жасалатын операциялардың сальдосы, сондай-ақ шығыстар мен кірістердің тиісті сомалары төменде келтірілген:

	2023 жылғы 31 желтоқсан			2022 жылғы 31 желтоқсан		
	Номиналды мөлшер-леме (%)	Акционердің жалпы бақылауын -дағы кәсіпорындар	Мемлекетпен байланысты ұйымдар	Номиналды мөлшер-леме (%)	Акционердің жалпы бақылауын -дағы кәсіпорындар	Мемлекетпен байланысты ұйымдар
Активтер						
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	–	–	175,228	–	–	33
Инвестициялық бағалы қағаздар	–	–	–	12.00	–	592,637
Клиенттерге берілген кредиттер	5.00	–	16,877,786	–	–	20,899,976
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы	–	–	–	–	–	–
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	–	–	167,470,014	–	–	147,470,014
Өзге активтер	–	–	–	–	–	6,659
Міндеттемелер						
Акционер алдындағы берешек	0.28–10.00	81,093,012	–	0.28–10.00	89,417,496	–
Үкімет алдындағы берешек	0.01	–	–	0.01	–	–
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	0.01–1.00	–	–	0.01–1.00	–	–
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	7.10–15.00	88,709,527	–	7.10–15.00	97,131,906	–
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	–	–	–	–	–	–
Мемлекеттік субсидиялар	–	–	–	–	–	–
Өзге міндеттемелер	–	–	–	–	–	–
			12,030,660			4,763,872
			22,734,825			37,797,142
			3,698,535			3,015,774

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

	2023 жыл			2022 жыл		
	Акционердің жалпы		Мемлекетпен байланысты ұйымдар	Акционердің жалпы		Мемлекетпен байланысты ұйымдар
	Акционер	кәсіпорындар		Акционер	кәсіпорындар	
Ақша қаражаттары және олардың баламалары бойынша пайыздық кірістер	–	139,794	14,462,417	–	–	431,515
Инвестициялық бағалы қағаздар бойынша пайыздық кірістер	–	54,816	–	–	64,562	1,168
Клиенттерге берілген кредиттер бойынша пайыздық кірістер	–	2,634,913	–	–	1,851,448	–
Алынған қарыздар бойынша пайыздық шығыстар	(7,711,933)	–	(44,776,274)	(8,018,449)	–	(31,027,448)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық шығыстар	(10,154,647)	–	(7,522,866)	(12,346,050)	–	(7,521,020)
Дивидендтер бойынша кіріс	–	10,309,687	–	–	–	–
Кредиттік залалдар бойынша шығыстар	–	(6,570)	–	–	1,005,318	–
Басқа әкімшілік шығыстар	–	(2,488)	–	–	–	–
Басқа кірістер	–	–	46,500,517	–	–	43,515,052
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс	–	–	(11,486,065)	–	–	(2,568,117)

Аға буын басқарушы қызметкерлерге сыйақы

Аға буын басқарушы қызметкерлерге сыйақы келесі позицияларды қамтиды:

	2023 жыл	2022 жыл
Жалақы және басқа да қысқа мерзімді төлемдер	180,542	176,823
Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы	18,721	25,771
Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар	–	6,710
Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар	18,972	19,005
Аға буын басқарушы қызметкерлерге сыйақы жиыны	218,235	228,309

31. Капиталдың жеткіліктілігі

Қоғам қызметіне тән тәуекелдерден қорғану мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады. Қоғам капиталының жеткіліктілігі ҚРҰБ белгілеген басқа әдістерден басқа, нормативтер қолданыла отырып бақыланады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам капиталға қатысты барлық сыртқы белгіленген талаптарды толық орындады.

Қоғам үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты капиталға қатысты сыртқы талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және қызметті жүзеге асыру және акционерлік құнды барынша арттыру үшін қажетті жоғары кредиттік рейтинг пен капиталдың жеткіліктілік нормативтерін сақтау болып табылады.

Қоғам өз капиталының құрылымын басқарады және оны экономикалық жағдайдағы өзгерістер мен жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің тәуекел сипаттамалары аясында түзетіп отырады.

**ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ТҮСІНДІРМЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕР****2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы***мың теңгемен*

ҚРҰБ банк қызметінің жекелеген түрлерімен айналысатын ұйымдардан 1-ші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициентін (k1) активтердің кемінде 6%-ы мөлшерінде; капиталдың жеткіліктілік коэффициентін (k1-2) тәуекел ескеріле отырып өлшенген активтер мен шартты және ықтимал міндеттемелердің кемінде 6%-ы мөлшерінде және капиталдың жалпы жеткіліктілік коэффициентін (k1-3) тәуекел ескеріле отырып өлшенген активтер мен шартты және ықтимал міндеттемелердің кемінде 12%-ы мөлшерінде ұстауды талап етеді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ талаптарына сәйкес есептелген Қоғам капиталының жеткіліктілік коэффициенттері келесідей болды:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
1-ші деңгейдегі капитал	410,249,916	392,394,568
2-ші деңгейдегі капитал	20,936,654	11,488,171
Капитал жиыны	431,186,570	403,882,739
Тәуекел ескеріле отырып өлшенген активтер	846,531,479	791,514,677
Шарттық және шартты міндеттемелер	78,014,122	59,413,573
Операциялық тәуекел	40,368,934	25,887,765
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1)	38.24%	38.71%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1-2)	44.37%	46.11%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1-3)	27.33%	29.24%

32. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2024 жылғы қаңтар – наурыз аралығында Қоғам көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру мақсаттары үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен 0.01% номиналды мөлшерлемесі бойынша және 2024 жылғы қарашада және 2025 жылғы желтоқсанда өтеу мерзімімен 110 млрд теңге мөлшерінде қарыз алды (аудиттелмеген).

Жыл басынан бастап 2024 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде Қоғам «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Банк ЦентрКредит» АҚ жалпы сомасы 30,205,539 мың теңгеге берілген қарыздар бойынша негізгі борыштың қалған берешек сомасын жоспарланған өтеуді алды (7-ескертілме).